



ТАТУЛЫҚ ПЕН ДОСТЫҚ МЕКЕНІ

Еліміз 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күнін атап өтеді. Биыл бұл бүкілхалықтық мерекенің бәсі биік, абыройы айрықша. Президент айтқандай, ол мемлекетіміз үшін күрделі кезеңге тұспа-тұс келді, ел өңірлерінің басым көпшілігі алапат тасқынға ұшырады. Осы сын сағатта, қиынқыстау заманда халқымыз бұра тартып, бір-бірінен теріс айналмады, бірліктің бәйгетөбесіне бірлесе ат байлап, қатар қимылдады. Осы арқылы әлем алдында мемлекет беделін де, өз қадірін де биіктетіп, мерейі өсті.



Бірлік пен ынтымақ – ешқашан ескірмейтін құндылықтар екеніне осы күндерде жұртшылықтың көзі жетті деуге болады. Бұл күнде еліміздің

мызғымас ауызбіршілігі сыналды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқы Ассамблеясының «Бірлік. Жасампаздық. Өрлеу» атты XXXIII сессиясында сөйлеген сөзінде тасқын сумен күреске жеке тоқталуының жөні, жаны бар. Қ.Тоқаев қызыл судан елді аман сақтап қалуды Президент ретіндегі өзінің басты міндеті деп санайтынын жеткізді.

– Әлемде түрлі табиғат апаты көбейіп барады. Шын мәнінде, апат деген айтып келмейді екен. Қазақстан да үлкен қатерге тап болды. Еліміздің көптеген аймақтарында алапат су тасқыны болып жатыр. Біз үшін ең басты мақсат – азаматтардың аمانдығы. Соған сай Үкімет барлық қажетті іс-әрекеттерді жасап жатыр, тиісті қаражат бөлінді, ірі компаниялар мен бизнес өкілдері қол ұшын беруде. Жойқын су тасқынынан бұзылған үйлерді қалпына келтіру, зардап шеккен тұрғындардың қалыпты өмірге қайта оралуын қамтамасыз ету – дәл қазір Президент ретінде менің алдымда тұрған аса маңызды міндет! – деді Қасым-Жомарт Кемелұлы.

(Жалғасы 5-бетте)



БЕЙБІТ КҮННІҢ ТЕМІРҚАЗЫҒЫ – БІРЛІК



4
БЕТ

ҮНЕМНІҢ КІЛТІ – МӘДЕНИЕТТЕ



5
БЕТ

АЗАМАТТАР САУЛЫҒЫ – ҰЛТ САУЛЫҒЫ

«AMANAT» жанындағы білім және денсаулық сақтау мәселелері жөніндегі республикалық кеңестің кезекті отырысы барысында партияның медицина саласындағы сайлауалды бағдарламасының іске асырылуы талқыланды.

Жақында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойды. Заңмен медицина қызметкерлерінің кәсіби жауапкершілігін сақтандыру енгізілді, сондай-ақ дәрігерлерге, мектепке дейінгі ұйымдарда кезекте тұрған балаларына басымдық беріледі. Бұдан басқа ауылдық жерге кемінде 5 жыл мерзімге жұмысқа келген аса тапшы мамандықтардың ішіндегі медицина қызметкерлеріне біржолғы ақшалай төлем ұсынылады.

«Денсаулық сақтау жүйесіне қатысты мәселелер бәрімізді алаңдатыды. Азаматтардың саулығы – ұлттың саулығы. Сондықтан партия сайлауалды бағдарламасында медицина саласына айрықша басымдық бергенін білесіздер. Жақында заң жобасы қабылданып, Мемлекет басшысы қол қойды. Заңда медицина қызметкерлерін қолдау, жас мамандарға жәрдемақыны көбейту мәселесі шешімін тапты. Әсіресе, ауыл медицинасын дамыту, ауыл тұрғындарына скрининг жүргізу жұмысын кеңейту шаралары қарастырылған. Партия денсаулық саласындағы барлық мәселелердің жүйелі шешілуін үнемі бақылауда ұстайтын болады», – деп атап өтті «AMANAT» партиясының Атқарушы хатшысы Дәулет Кәрібек.

3»

Тіліңе құрмет – ЕЛГЕ ҚҰРМЕТ



Әлеуметтік желіде қазақ тілінің насихатын жүргізіп жатқан блогерлердің қарасы қалың. Оның ішінде ана тілімізді меңгеріп, одан қалса басқаларға үйретіп жүрген өзге ұлт өкілдерін ерекше атап өту керек. Instagram, TikTok желілері арқылы өзінің пайдалы парақшаларын жүргізіп, көпшіліктің қазақ тілін үйренуіне қол ұшын созып жүргендер жетерлік. 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні қарсаңында біз осындай жандарды оқырманға таныстыруды жөн көрдік.

8»

СЕМЕЙ ОРМАНЫ БҰРЫНҒЫ ҚАЛПЫНА ОРАЛАДЫ

Елімізде «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы жүріп жатыр. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тікелей бастамасымен қолға алынған республикалық шараға Абай облысының тұрғындары да белсене атсалысуда. Өңірдегі барлық қала мен ауданда екі айға жалғасатын экологиялық акция басталды.

7»



ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ДАМУ ТҮ МАҢЫЗДЫ



Сенат Спикері Мәулен Әшімбаев палата бюросының отырысын өткізді. Онда депутаттар 2 мамыр күні өтетін Сенат отырысының күн тәртібін бекітті.

Бейсенбідегі отырыста сенаторлар «2013 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасының аумағы арқылы Қытай Халық Республикасына ресейлік мұнайды тасымалдау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» заңды қарайды.

Хаттама транзит көлемдерін, мұнай транзиті үшін тарифтер мен төлемдерді жанартуды, сондай-ақ келісімді онжылдық кезеңге 2034 жылғы 1 қаңтарға дейін ұзартуды көздейді. Сондай-ақ құжатта келісімді жүзеге асыратын құзырлы органды анық-

тауға қатысты өзгерістер енгізілген: Қазақстан жағынан – Энергетика министрлігі, Ресей жағынан уәкілетті ұйым – «Роснефть» мұнай компаниясы.

Сондай-ақ Палата отырысында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне байланыс, цифрландыру, инвестициялық ахуалды жақсарту және артық заңнамалық регламенттеуді болғызбау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң қаралады. Бұл заң коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға, перспективалы телекоммуникациялар мен цифрлық технологияларды тарту үшін қолайлы заңнамалық жағдайлар жасауға және инновациялық экожүйені одан әрі жетілдіруге бағытталған.

Одан бөлек, бюро отырысында Мәжілістен келіп түскен заңдар жұмыс үшін тұрақты комитеттерге бөлініп берілді.

СИНГАПУР ПАРЛАМЕНТІНІҢ СПИКЕРІ МӘЖІЛІСКЕ КЕЛДІ

Астанаға Сингапур Республикасы Парламентінің спикері Сеа Киань Пэн ресми сапармен келді. Мәжілісте мейманды Палата Төрағасы Ерлан Қошанов қабылдады.

Кездесуде Мәжіліс Төрағасы Сингапур Қазақстанның Оңтүстік-Шығыс Азиядағы маңызды әрі сенімді серіктестерінің бірі екенін атап өтті. Сонымен қатар Сеа Киань Пэн мырзаның бұл сапары Қазақстан–Сингапур қатынастарын жан-жақты нығайтуға және кеңейтуге зор серпін беріп, парламентаралық ынтымақтастықты дамытуға ықпал ететініне сенім білдірді.

– Биыл Қазақстан мен Сингапур арасында дипломатиялық қарым-қатынас орнағанына 31 жыл толды. Осы уақыт ішінде сенім мен сыйластыққа негізделген екіжақты ынтымақтастығымыз қарқынды дамып келеді. Бұған Президент Қасым-Жомарт Тоқаев пен Сингапурдың бұрынғы басшысы Халима Якобтың былтырғы Қазақстанға жасаған ресми сапары кезіндегі кездесуі септігін тигізді. Парламентарийлер ретінде біздің міндетіміз – көшбасшыларымыз қол жеткізген барлық келісімдерді жүзеге асыру үшін жағдай жасау, – деді Мәжіліс Спикері.

Ерлан Қошанов әріптесіне Қазақстанда Мемлекет басшысының бастамасымен болып жатқан өзгерістер туралы айтып берді. Осы орайда Сингапур мен Қазақстанның ішкі саяси бағытының ұқсастығына назар аударды. Атап айтқанда, Президент Қасым-



Жомарт Тоқаев басшылыққа алатын «әртүрлі пікірлер, бірақ біртұтас ұлт» қағидатының мызғымастығына мән берді.

Сингапур Парламентінің спикері екі ел ынтымақтастығын дамытудағы болашағы зор салалардың қатарында экономика, білім беру мен денсаулық сақтауға атап өтті. Сеа Киань Пэн Сингапурдың даму жылдарында жиі қанды тәжірибелерімен Қазақстанмен бөлісуге дайын екенін жеткізді.

Мәртебелі мейман Қасым-Жомарт Тоқаевтың саяси және экономикалық реформаларын жоғары бағалады.

– Бұл стратегия Әділетті Қазақстан, прогрессивті мемлекет құруға және халықтың мүмкіндіктерін арттыруға бағытталған. Түрлі өзгерістерге, инновацияларға бейімделу, реформалар қабылдау – дамыған ұлттың өзегі. Бірақ одан да маңыздысы – халықтың жауапкершілігі мен жауапкершіліктерімен бірге қанды тәжірибелерімен Қазақстанмен негізінде жатыр, – деді Сеа Киань Пэн.

Кездесу соңында тараптар парламентаралық ынтымақтастықты, соның ішінде достық топтары арасындағы ықпалдастықты одан әрі дамытуға келісті.

ЕСІРТКІ БИЗНЕСІНЕ ЖАЗА КҮШЕЙЕДІ

Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен бюро отырысы өтіп, алдағы жалпы отырыстың күн тәртібі нақтыланды.

Депутаттардың талқылауына есірткі, психотроптық заттардың және олардың прекурсорларының заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобасы бірінші оқылымда ұсынылады.

Заң жобасында Қылмыстық, Қылмыстық-процестік кодекстерге және «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодекске, сондай-ақ бірқатар заңға өзгерістер енгізіледі. Атап айтқанда, прекурсорлармен және күшті әсер ететін заттармен жұмыс істеу қағидаларын сақтау міндетіне кіретін адамдар үшін осындай қағидаларды бұзғаны үшін қылмыстық жауапкершілік енгізіледі. Сонымен қатар Мемлекет басшысының 2024 жылғы 15 наурыздағы Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында берген тапсырмасын орындау мақсатымен депутаттар есірткі заттарын заңсыз өндіру үшін жауапкершілікті қатайтуға бағытталған түзетулерді енгізді.



Жалпы отырыстың күн тәртібінің жобасына бірінші оқылымда мемлекеттік статистика және деректерді басқару мәселелері жөніндегі заң жобасы да енгізілді.

Парламент депутаттары әзірлеген заң жоба Ұлттық статистика бюросы мен Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің деректерді басқару саясаты саласындағы өкілеттіктері мен құзыреттерін бөлу, Бюро қызметін цифрландыруға және оны мемлекеттік органдар базаларымен интеграциялауға,

сондай-ақ әкімшілік және баламалы жолдармен деректерді жинау әдістерін жетілдіруге бағытталған.

Мәжіліс Қытай Халық Республикасымен халықаралық автомобиль тасымалдары туралы келісімді ратификациялау туралы және ішкі істер органдарының қызметі саласындағы нормалардың артық (шамадан тыс) заңнамалық регламенттелуін болғызбау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы туралы заң жобаларын жұмысқа алады.

ҚҰНДЫ ЖӘДІГЕРДІҢ ЖАҢА БӨЛІГІ ТАБЫЛДЫ

Биыл түркология ғылымы үшін олжалы жыл болды. Олай дейтіміз – жақында даңқты қолбасшы, баһадүр Күлтегін мен Білге қағанның әкесі Елтеріс Құлтық қағанға арналған бітіктастың екінші бөлігі табылды. Мұндай маңызды жаңалық түркологияның дамуына айрықша серпін берері сөзсіз.



Моңғолияның Ұланбатыр қаласында Түркі академиясы және Моңғолия Ғылым академиясы Археология институтының бірлесіп ұйымдастыруымен «Номғон-2»

ғұрыптық кешенінен табылған бітіктастың төменгі бөлігі таныстырылды.

Ұланбатыр қаласындағы Шыңғысхан мұражайында өткен ғылыми іс-шараға

Түркі академиясының президенті Шаһин Мұстафаев, Моңғолия Ғылым академиясының президенті Дүгэрийн Рэдэл, Қазақстанның Моңғолиядағы елшісі Ғабит Қойшыбаев, Түркияның Моңғолиядағы елшілігінің уақытша сенімді өкілі Али Саид Серденгечи, сонымен қатар дипломатиялық миссия өкілдері, институттардың басшылары және өзге де танымал ғалымдар қатысты.

Айта кету керек, археологтер Елтеріс Құлтық қағанға тиесілі деп болжан отырған бітіктастың жоғарғы бөлігі алдыңғы жылы осы кешендегі қазба жұмыстары кезінде табылған болатын. Оның екінші бөлігін іздеуге қатысқан ғалымдардың мәлімдеуінше, бітіктастың жаңадан табылған төменгі бөлігінде көне қытай тілінде мәтін бары анықталған. Ескерткіштің біршама бүлінгені байқалады. Ғалымдар бітіктастың жазуларды оқып, зерттеу жұмыстарын жүргізуде.

Осы алқапта Түркі академиясы жүргізген археологиялық қазба жұмыстары барысында 2019, 2022, 2023 жылдары малдас құрып отырған қағанның бәдіз тас мүсіні мен мүсінінің бас бөлігі табылған болатын. Сонымен қатар, бауырында екі алаңы бейнеленген арыстан тас мүсіні және 5 бәдіз тас мүсінінің сынық бөлшектері анықталған.

Түркі академиясы мен Моңғолия Ғылым академиясы Археология институты болашақта Номғон жазығының тоғызшы ғұрыптық кешенінде археологиялық қазба жұмыстарын жалғастыруды жоспарлап отыр.

ҚҰҚЫҚТЫҚ КЕҢЕС БЕРЕДІ

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Астана қаласы бойынша департаменті азаматтық қоғаммен өзара тығыз қарым-қатынас орнату мақсатында сыбайлас жемқорлыққа қарсы волонтерлермен бірлесіп азаматтарға тегін заң көмегін көрсету, құқықтық кеңес беру бағытында іс-шара өткізді.



2023 жылдан бастап жүзеге аса бастаған жоба республиканың барлық өңірін камтиды. Жобаға қосылған еріктілер сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және түрлі мекемелердің қызметіндегі ашықтықты арттыру бойынша жұмыс істейді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Астана қаласы бойынша Превенция басқарма бастығының орынбасары Уәлихан Қурамаевтың айтуынша, жоба аясында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мобильді топ» құрылған. Олар халыққа қызмет көрсету орталығының қызметіне мониторинг жүргізді және Астана қаласы аудандық әкімдіктерінің қызметін сүйемелдеуге, сондай-ақ сауда орталықтары мен супермаркеттерде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті насихаттауға бағытталған ағарту іс-шараларын өткізуге белсенді қатысады.

«Астана қаласы бойынша 209 еріктілердің басын қосқан жобаның мақсаты – азаматтардың заң консультациясына қол жеткізуді қамтамасыз ету және олардың өзекті мәселелерін заңға сәйкес жедел шешуді қамтамасыз етеді. Жоба аясында жылдан аяғына дейін қаланың 5 ауданында халыққа құқықтық кеңес беретін боламыз», – деді. Ол халықты көбіне денсаулық және білім беру саласына қатысты сұрақтар мазалайтынын айтады. Өйт-

кені еріктілер тобына аталған салалар бойынша сұрақтар көп түседі екен.

Жобаны жүзеге асыру барысында белсенді азаматтарды, қоғамдық бірлестіктерді жеке және квазимемлекеттік сектор субъектілерін, сондай-ақ басқа да ұйымдарды сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларға волонтер ретінде тарту жоспарланған.

«Астана жастарын сыбайлас жемқорлыққа қатысты кез келген әрекетке бейжай қарамауға және еріктілер қатарына қосылуға шақырамын. Біз бірге сыбайлас жемқорлықпен күресу және адал қоғам құру үшін көп нәрсе жасай аламыз», – деді ол.

Ниет білдірген жастардың тізімі жасакталып, алғашқы жұмыстарға бастау берілді. Оларға қоғамдық бақылау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы зерттеулер және білім беру, Probono еріктілік (кәсіби көмек көрсету), корпоративтік еріктілік бағыттары бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізіледі. Сонымен қатар еріктілер өздерінің мүдделеріне және олар жүзеге асыратын қызмет түріне қарай жеке іс-шараларды немесе жобаның бағыттарын тандай алады. Жоба волонтерлерінің құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының «Волонтерлік қызмет туралы» заңына сәйкес қорғалады.

Тілегүл ЕСДӘУЛЕТ





АЗАМАТТАР САУЛЫҒЫ – ҰЛТ САУЛЫҒЫ

«AMANAT» жанындағы білім және денсаулық сақтау мәселелері жөніндегі республикалық кеңестің кезекті отырысы барысында партияның медицина саласындағы сайлауалды бағдарламасының іске асырылуы талқыланды.

Жақында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойды. Заңмен медицина қызметкерлерінің кәсіби жауапкершілігін сақтандыру енгізілді, сондай-ақ дәрігерлерге, мектепке дейінгі ұйымдарда кезекте тұрған балаларына басымдық беріледі. Бұдан басқа ауылдық жерге кемінде 5 жыл мерзімге жұмысқа келген аса тапшы мамандықтардың ішіндегі медицина қызметкерлеріне біржолғы ақшалай төлем ұсынылады.

«Денсаулық сақтау жүйесіне қатысты мәселелер бәрімізді алаңдатады. Азаматтардың саулығы – ұлттың саулығы. Сондықтан партия сайлауалды бағдарламасында медицина саласына айрықша басымдық бергенін білесіздер. Жақында заң жобасы қабылданып, Мемлекет басшысы қол қойды. Заңда медицина қызметкерлерін қолдау, жас мамандарға жәрдемақыны көбейту мәселесі шешімін тапты. Әсіресе, ауыл медицинасын дамыту, ауыл тұрғындарына скрининг жүргізу жұмысын кеңейту шаралары қарастырылған. Партия денсаулық саласындағы барлық мәселелердің жүйелі шешілуін үнемі бақылауда ұстайтын болады», – деп атап өтті «AMANAT» партиясының Атқарушы хатшысы Дәулет Кәрібек.

Мәселен, заң мәтінінде көтерме жәрдемақы мөлшері 100 ЕТЖ мөлшерінде көрсетілді. Алайда ең төменгі жалақы мөлшері жыл сайын өсетіндіктен, көтерме жәрдемақы мөлшері де өсіп отырады деген сөз. Биыл оның көлемі 8,5 млн теңгені құрап отыр. Сондай-ақ заң медицина қызметкерінің Қазақстан Республикасы алдындағы ерен еңбегі мен ерекше жетістігі үшін 1000 АЕК мөлшерінде біржолғы төлем ұсына отырып, «Қазақстанның еңбек сіңірген дәрігері» жаңа құрметті атағын тағайындауды көздейді. Сонымен бірге «Мамандық бойынша Үздік» республикалық конкурсы өткізіледі. Оның жеңімпаздарына 500 АЕК мөлшерінде біржолғы ынталандыру сыйақысы табысталады.

Өз кезегінде Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова медицина саласында сайлауалды бағдарламаның өзге де тармақтары қалай жүзеге асырылып жатқандығы туралы айтты. Оның сөзінше, 2023 жылы дамуында ауытқулары бар және олардың пайда болу қаупі бар сәбилерге арналған 9 ерте араласу орталығы ашылды. Сондай-ақ отандық өндірістегі дәрі-дәрмектердің үлесін арттыру үшін фармацевтика өнеркәсібінде 8 жоба сәтті іске қосылды.

«Медициналық мекемелерді құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету деңгейін жақсарту үшін былтыр жалпы сомасы 63,9 млрд теңгеге 525 медициналық техника сатып алынды. 2023 жылы арнайы мамандандырылған медицина қызметкерлерін даярлауға арналған гранттар саны 1 700-ден 2 500-ге дейін ұлғайтылды. Биыл сұранысқа ие мамандықтарға 2 500 грант бөлу жоспарланған. Бұдан басқа, денсаулық сақтау жүйесін қаржыландыру жоспары кезең-кезеңімен іске асырылуда, былтыр көрсеткіш ЖІӨ-нің 4%-

ын құрады», – деп атап өтті министр.


Сондай-ақ Ақмарал Әлназарова аурулардың алдын алу, жаңа туған нәрестелердегі патологияларды ерте анықтау және емдеу шараларын күшейту бойынша министрліктің атқарып жатқан жұмыстарын баяндады. «Бір күндік клиника» жобасы инновациялық әдістерді қолдана отырып, жүкті әйелдердің пренаталды диагностикадан өтуіне және туа біткен ақаулары бар баланың туу қаупін уақтылы анықтауды қамтамасыз етуге бағытталған.

Сонымен қатар отырысқа қатысушылар денсаулық сақтау саласындағы өзге де мәселелерді талқылады. Нақтырақ айтқанда, медициналық мекемелерді қаржымен қамтамасыз ету, ауруханалар мен емханалар үшін коммуналдық қызметтерге ақы төлеу бойынша жеңілдіктерді енгізу, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету және медицина қызметкерлеріне баспана беру шаралары сөз болды.

«Денсаулық сақтау саласының даму деңгейі – мемлекет пен қоғамның әл-ауқатының көрсеткіші. Азаматтардың жоғары стандартты, сапалы медициналық ем қабылдауына жағдай жасап, дәрі-дәрмектердің қолжетімді болуы шарт», – деді кеңес төрағасы, Мәжіліс депутаты Жұлдыз Сүлейменова.

Айта кетейік, партияның «Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасы аясында 2027 жылға дейін ішкі нарықта отандық өндірістегі дәрі-дәрмектердің үлесін 45%-ға дейін ұлғайту; 8 заманауи перинаталдық орталық салу; аудандық ауруханалардың санитариялық автокөлікпен қамтамасыз етілуін 70%-ға дейін ұлғайту, 8 инсульт орталығын және 10 коронарлық көмек беру орталығын ашу және басқа да шаралар жоспарлануда.

КЕНТ ОРТАЛЫҒЫ АБАТТАНДЫРЫЛУДА



«AMANAT» партиясының Шығыс Қазақстан облыстық филиалы жанындағы экономика, кәсіпкерлік және аграрлық сектор мәселелері бойынша өңірлік кеңестің отырысында ішкі туризмді дамыту мәселесі көтерілді.

Жиында партияның республикалық сайлауалды бағдарламасын орындау жөніндегі Жол картасының 209-тармағы және партияның облыстық филиалының сайлауалды бағдарламасын жүзеге асыруға арналған Жол картасы аясында ішкі туризмді дамыту бойынша атқа-

рылып жатқан жұмыстар бойынша тиісті басқарма басшысының есебі тыңдалды.

«2023 жылы «Жаңа Бұқтырма кентінің орталық бөлігін абаттандыру» жобасын іске асыру басталды. Бүгінде жұмыс қарқынды жүргізілуде. Ұлттық статистика бюросы департаментінің ақпаратына сәйкес, ішкі туристер саны 2023 жылдың қорытындысы бойынша, былтырғы жылмен салыстырғанда 102,7% өсімінен 351,7 мың адамды құрады. ШКО бойынша «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасын орындау бойынша Жол картасының жоспары

109,2%-ға орындалды» – дейді Шығыс Қазақстан облысының Кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы басшысының орынбасары Марат Кабаков.

Сонымен қатар кеңес мүшелері Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Азық-түлік қорларын қамтамасыз ету және әлеуметтік маңызы бар өнімдерге бағанын өсуіне жол бермеу бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы» тапсырмасының орындалуы бойынша да бірқатар жауапты мекеме өкілдерін тындап, мәселеге назар аударды.

«AMANAT»-ТЫҢ АРАЛАСУЫНАН СОҢ ЖАЛАҚЫСЫН АЛДЫ



Алматы облысында 12 құрылысшы бес ай бойы адал еңбекпен тапқан жалақысын алмай келген. Құрылысшылар Талғар ауданы Нұра ауылында мектеп салу жұмысына тартылған болатын.

Құрылыс жұмысын жүргізіп жатқан азаматтар жалақыларының кешіккеніне қарамастан, ешбір үзіліссіз жұмыс кестесіне сай еңбек еткен. Алайда басшыларымен болған келіссөз ешқандай нәтиже бермегеннен кейін құрылысшылар «AMANAT»-тан көмек сұрай келген.

«Партияның араласуынан бұрын құрылысшылар бірнеше рет өз басшылығымен тікелей сөйлесуге тырысқан. Алайда олар уақытты созып, жұмысшылармен кездесуден қашқақтап дұрыс жауап бермеген көрінеді. Осылайша, мектеп құрылысын жүргізіп жатқан 12 адам бізден көмек

сұрады. Біз құрылыс алаңына арнайы барып, жүргізілген жұмыстарды өз көзімізбен көрдік. Содан кейін компания директорына хабарластық, нәтижесінде жалақы бойынша барлық қарыз өтелді. Белгілі болғандай, жұмысшыларға берілген еңбек-ақының жалпы сомасы 25 млн теңгені құрады», – деді Алматы облыстық «AMANAT» партиясы филиалының партиялық бақылау инспекторы Тимур Нүкебаев.

Айта кету керек, қазір мектеп құрылысы жалғасуда, құрылысшылар ішкі өрлеу жұмыстарына кірісті. Ғимараттағы жұмыстың 65%-ы жүргізілген. Осы жылдың

1 қыркүйегінен бастап, аталмыш мектепте 1 мыңнан астам бала оқуға келеді деп күтілуде.

Тұрғындардың естеріне сала кететін дүние, өзіңізге және жақындарыңызға байланысты кез келген сұрақтар бойынша «AMANAT» партиясының республикалық қоғамдық бақылау бөлмесіне келесі байланыс телефондары арқылы хабарласа аласыздар:

1. Call-орталығы: 8 800 080 4441 (Қазақстан бойынша қонырау шалу тегін);
2. WhatsApp: +7 700 800 4441
3. E-mail: komek@amanatparty.kz

ҒИМАРАТТАР БАРШАҒА ҚОЛАЙЛЫ БОЛУЫ ШАРТ



«AMANAT» партиясы Жамбыл облыстық филиалы жанындағы Отбасы және халықты әлеуметтік қорғау мәселелері жөніндегі аймақтық кеңесінің көшпелі отырысы өтті.

Партия Байзақ аудандық филиалының мәжіліс залында өткен кеңестің күн тәртібінде әлеуметтік нысандардың ерекше қажеттілігі бар азаматтарға бейімделуі және «Ардагерлерді ардақтайық», «Бақытты отбасы», «Кедергісіз келешек» партиялық жобалары аясында атқарылып жатқан жұмыстар қаралды.

Аталған ауданда мүмкіндігі шектеулі жандарға бейімделуге тиіс нысандардың бүгінгі күнге дейін жасалған жұмыстары өтесілгені жүргізілуде. Мекемелер-

дің басым көпшілігі сол баяғы төбешік пандустармен тұр. Ерекше жандарға ғимараттың қолжетімділігі тек пандуспен шектелмейтіндігін ескеру керек. Нысанның сыртындағы автоұрақтан бастап, тактильді жолдақтар, баспалдақтардың биіктігі мен сары түске боялуы, ішкі дәретхана, брайль тақтасы, көзі нашар көретін адамдарға арналған сызбалар, және тағы басқа қажеттіліктер болуы керек.

Елді мекендердің басым көпшілігінде ауылдық әкімшілік, амбулатория, пошта және клуб, сондай-ақ аудандық пошта ғимараттарын да ерекше қажеттілігі бар азаматтардың кіріп-шығуына жағдай жасалмаған. Пандустар мен баспалдақтардың стандарттық нормалары сақталмаған.

Сондай-ақ көзі нашар көретін азаматтарға ыңғайлап, баспалдақтардың ернеуі сары жолақпен боялуы қажет. Сонымен қатар тактильді жолдақтар да талапқа сай емес, кейбір ғимараттардың ішінде мүлдем жок. Арбанын кіріп-шығуына кедергі болмауы үшін есіктің табалдырығы 5 сантиметрден аспауы керек. Бұл жерде де стандарттар сақталмаған.

Жоғарыда аталған мәселелер бойынша Байзақ ауданы әкімінің орынбасары Б.Сағынбеков және «Қазпошта» АҚ Жамбыл облыстық филиалының Шаруашылық бөлімінің басшысы Ж.Жамаш есеп берді.

Жауапты азаматтарға олқылықтардың орнын толтырып, ғимараттарды талапқа сай жабдықтау бойынша ұсыныстар берілді.



«Ырыс алды – ынтымақ» деп татулықты ту еткен халқымыз үшін ынтымақ-берекеден артық байлық жоқ. Бейбіт елдің ырысын арттырып, ынтымағын жарастырып отырған да осы қасиетті қағида. Елімізде қалыптасқан бейбітшілік пен бірлік, татулық пен тыныштық ұғымдарының өміршеңдігі жөнінде Сенат депутаты Закиржан Кузиевпен әңгімелескен едік.

– Сіздіңше бірлік, ынтымақ, татулық ұғымдарының халықты біріктірудегі рөлі қандай?

– Бірлік деген ұғымның мағынасын терең түсінетін әлемде бір халық бар деп қарасак, ол – біздің халық. Тарихта қай дәуірді алып қарасанда, бірлік, ынтымақ, татулық біздің ұранымыз болған. Осы бірігудің арқасында қысылтаяң қиындықты жеңіп шығып, осы күнге жеттік. Ол бүгін де керек және соның арқасында ел болып отырмыз. Қазақстан халқы Ассамблеясы мемлекет дамуының қазіргі жаңа кезеңінде азаматтық бірегейлік пен қазақстандық патриотизмді қалыптастыру негізінде этностарды топтастыру мен біріктірудің ерекше құралы боп отыр. Еліміздің егемендігін қорғау, ұлттың патриоттық сезімін тәрбиелеудің негізгі міндеттерін өз қал-қадірінше атқарып келеді. Атап айтқанда, қазақ пен өзге де ұлттар мен ұлыстардың біртұтастығын, бір мүдде, бір мемлекет үшін ұйысуына керек негізгі қасиеттер – тағы да сол бірлік.

Сосын ең бастысы – еңбексүйгіштік, заң мен оны орындайтын адамдарға құрметпен қарау. Азаматтардың барлық қажеттілігін нақты әрі теңдей қылып тиімді жолмен шешу. Еліміздің дамуының жаңа кезеңінде Қазақстан халқы Ассамблеясы азаматтардың санасында Отанымыз – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікті, Конституция мен ел Президентін құрметтеуді нығайту және әрбір азаматтың әлеуметтік жауапкершілігін тәрбиелеу міндеттерін қолға алды. Соның қайтарымы ретінде әрбір ұлыс, ұлт осы бір ту астына жиналып, татулықты ғана жалау етсе, бір-біріне деген жек көру сезімінен ада болса, қандай қиындық болмасын бірігіп, оны жеңу үшін күреседі. Мұны біз көріп те отырмыз. Кешегі алапат өрт, бүгінгі алай-дүлей су тасқыны кезіндегі жанашырлық, гуманитарлық көмек жинаудағы құлшыныс – осының айғағы. Қазақстан халқы Ассамблеясының елді біріктірудегі рөлі қашанда маңызды боп қала береді. Қандай сын-қатерде де бұл орган тыс қалған жоқ. Оны ел көріп-біліп отыр деп ойлаймын.

– Мемлекет басшысы Қазақстан халқы Ассамблеясының «Бірлік. Жасампаздық. Өрлеу» атты XXXIII сессиясында Ассамблеяға нақты қандай міндеттер жүктеп отыр?

– Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXIII сессиясында Қасым-Жомарт

Тоқаев су тасқынының салдарын жою туралы маңызды пікірлерін де ортаға салды. Президент осы төтенше жағдай кезінде «Ел бірлігі мығым, бір тұтас халық екеніміз көрінді» деп бағасын берді. «Әр қиындықтың қайыры бар» дейді халқымыз. Тасқын кезінде ел бірлігі нығая түсті. Арқадағы ағайынға, Жайықтағы жұртқа бүкіл Қазақстан халқы көмектесуге ұмтылды. Апат аймағында тұратын адамдар барша отандасымыздың шынайы жанашырлығын сезінгенін айтты. Мемлекет басшысы осы жолғы тасқыннан соң қайта қалпына келтірілетін ауылдар қайта түрленетіне үлкен үміт артып отыр. «Елді мекендер мүлдем жаңа келбетке ие болады», – делі.

Елдің жағдайын жақсарту үшін ешкім қиындықтың келуін күтіп отырмасы анық. Дегенмен мұндай апаттар біраз шаруаны шұғыл қолға алуға себепкер болатынын жақсы тілге тиек етті деп ойлаймын. Президент тасқын аяқталған соң кейбір ауылдар тың жерге қоныстанып, жаңадан бой көтеретінін де мәлімдеді. Жол салынады, су тартылады. Ауылдарымыз мүдде жаңа келбетке ие болады. Жалпы, әлемдегі үлкен дағдарыстардың қарқынды дамуға жол ашатыны белгілі.



Закиржан КУЗИЕВ, Сенат депутаты:

БЕЙБІТ КҮННІҢ ТЕМІРҚАЗЫҒЫ – БІРЛІК

«Сын сағатта жұдырықтай жұмылған жұртымыз осы қалпында өрлеу, жаңғыру кезеңіне қадам басады» деген пікірі қоғамды алға жетелеп, қиындықты бірге еңсеруге ынтымақ беріп берді деп сенемін.

– Ассамблея тасқынан зардап шеккен өңірлерге қандай көмек көрсетті? Ал тасқыннан соң өңірлерді қайта қалпына келтіру жұмыстарына қалай көмектесуді жоспарлап отыр?

– Ассамблея, Ассамблея жастары мен түрлі кәсіпкер ел басына күн туғанда аянып қалған күні болған жоқ. Су тасқыны басталғаннан бері зардап шеккен өңірлерге көмек және қолдау көрсету бойынша жұмыс жүргізді. ҚХА-ның «Жүректен жүрекке» атты арнайы жобасы ұйымдастырылып, оның шеңберінде гуманитарлық жүктерді жөнелту жүріп жатыр. Барлық өңірдегі Достық үйлерінде еріктілер орталықтары мен гуманитарлық көмек қабылдау пункттері ұйымдастырылған. Өңірлерге гуманитарлық көмек көрсету бойынша ҚХА-ның республикалық және өңірлік штабтары құрылды. Штаб құрамында ҚХА атынан Парламент

Сенатының депутаттары, этномәдени бірлестіктердің төрағалары мен мүшелері «Ассамблея жастары», волонтерлер мен қайырымдылық жасаушылар бар. Қызметін республикалық штаб үйлестіретін өңірлік штабтар мен еріктілер орталықтары Достық үйлері жанында жұмыс істейді.

Төтенше жағдайға республика бойынша 12 мыңнан астам ҚХА еріктілері жұмылдырылды. Өңірлік ЭМБ өкілдері 1 500 мың тоннаға жуық азық-түлік және алғашқы уақытта қажет болатын заттар жіберді. Қазір тасқын қаупі әлі де сейілмеген өңірлерге қолдау көрсету мақсатында гуманитарлық көмек белсенді түрде жиналуда.

– Президенттің Ассамблея құрылымдары басшыларының бірінші орынбасарларын жастардан тағайындау туралы тапсырмасын қозғарсыңыз қандай?

– Әрбір сессияда әртүрлі жаналық, тың шешімдер айтылатыны заңдылық. Бұл жолғы отырыста Президент біздің көкейімізде жүрген бірнеше ұсынысты алға тартты. Президент биылғы жиында

Ассамблеяға қатысты екі мәселеге ерекше назар аударды. Өзім осы құрылымда ұзақ жылдан бері жұмыс істегендіктен, бұл бастамалардың қолға алынғанын қуаттаймын. Біріншіден, Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен аймақ басшылары екі айда бір рет Ассамблея өкілдерімен кеңес өткізетін болады. Өкімдерге осындай тапсырма берілді. Енді өкімдер жұмысты орынбасарларына ысыра салмай, өздері бас-көз болады.

Екіншіден, Мемлекет басшысы Ассамблея құрылымдары басшыларының бір орынбасарын жастардан тағайындауды ұсынды. Бұл да біздің көкейде жүрген, пісіп жетілген ұсыныс. Жастар Ассамблея қызметіне тын серпіні екеледі. «Орталық және жергілікті органдар Ассамблеяның жастарға, әсіресе волонтерлерге қатысты жобаларына жан-жақты қолдау көрсетуі керек. Мұндай жобалардың тізімін жасаған жөн», – деді Мемлекет басшысы. Бұл өз өміршеңдігін көрсетеді және ұрпақтар сабақтастығына жол ашатын бастама болды деген ойдамын.

– Президенттің ішкі-сыртқы факторларды ескере отырып, «Азаматтардың мәдени, тілдік, этникалық немесе діни белгілері бойынша кемсіту әрекеттерге ұрынбауы» туралы стратегиялық ұстамдылық және толеранттылық сақтау қағидаларына сәйкес нәтижелі жұмыс істеудің шарттары қандай болмақ?

– Мемлекет басшысы Қазақстан халқы Ассамблеясының ұсынысымен Парламент Сенатының 5 депутатын тағайындайды. 2023 жылдың маусым айында «Бір ел – бір мүдде» депутаттық тобы құрылды. Олардың негізгі миссиясы – біздің бірлігімізді заңнамалық деңгейде нығайту. «Бір ел – бір мүдде» депутаттық тобының құрамына Қазақстан Республикасы Парламентінің 30 депутаты, оның ішінде Сенаттан – 10 депутат, Мәжілістен – 20 депутат кірді. Өңірлерде бірлескен қызмет туралы меморандум негізінде көптеген жаңа қоғамдық жұмыс іске асырылуда.

Республикада 1 000-нан астам этномәдени бірлестік жұмыс істейді. Өңірлерде ҚХА жұмысын үйлестіретін және қамтамасыз ететін 34 Достық үйі бар. Бұл Ассамблеяның көпфункционалды ресурстық орталықтары (интеграция, медиация және волонтерлік) және Ассамблеяның бірқатар республикалық және халықаралық жобасын іске асырушы аяны. Дәстүрлер мен мәдениетті, интеграцияны, мәдениетаралық байланысты сақтауда Ассамблеяның қоғамдық құрылымдарының жұмысы үлкен рөл атқарады. Ассамблеяның біріктіруші әлеуеті солар арқылы жүзеге асырылады.

Елімізде ұзақ тарихи жолдан өткен ұлыстар мен ұлттар өмір сүреді. Олардың өз салт-санасы мен діні, ділі және тілі қалыптасып, оның ажырамас бір құндылығы ретінде бірге жасап келеді. Ол заңдылық. Мұны сыйлау, құрметпен қарап, төзімділікті таныту маңызды. Ішкі-сыртқы факторларды ескере отырып, ортақ Отанымыз Қазақстанда қалыптасқан береке-бірлікті сақтаудың маңыздылығы туралы әрі қарай да нәтижелі жұмыс істеудің шарттары күрделі болып көрінуі мүмкін. Бірақ ол қолдан келетін шаруа. Ылғи айтып жүрген экономикалық өсім, кедейлікті жою, жемқорлықтан ада болу, ақпараттық технологияны игеріп, ғылымды дамыту, мәдениетімізді сақтап қалу, міне осы шарттар орындалса бізді сырттан жау алмайды.

Рас, тонның ішкі бауындай тату-тәтті өміріміз бен бірлігіміз қалыптасты. Ол кешегі, бүгінгі, алда болуы мүмкін қауіп-қатерлерде, сын-сағаттарда сыр бермесе екен деп тілеймін. Қазақ халқының «Бірлік бар жерде – тірлік бар» деген қанатты сөзі татулық пен бауырластықтың берік қазығы десек қателеспейміз. Біз де осы қағидамен өмір сүреміз.

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Тілегүл ЕДӘУЛЕТ

МЕРЕКЕ ТАРИХЫ – ТАҚЫРЫП ӨЗЕГІ



Қазтұтынуодағы Қарағанды университетінің әлеуметтік-саяси пәндер және Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасының ұйымдастыруымен «Қазақстан халқының бірлігі күні: мереке тарихы» тақырыбында дөңгелек үстел отырысы өтті. Жиынға ҚХА Ғылыми-сараптамалық тобының мүшелері, этно-мәдени бірлестіктердің төрағалары, әлеуметтік-саяси пәндер және Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасының оқытушылары және студенттер қатысты.

Отырысты Қазтұтынуодағы Қарағанды университетінің әлеуметтік-саяси пәндер және Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасының менеджері Нұрлан Минжанов ашты.

Жиында ҚХА Ғылыми-сараптамалық тобының мүшесі Думан Малаев бүгінде тұрақтылықтың тұтқасына, бірлігіміздің бастауына, ұлттар арасындағы достықтың «алтын көпіріне» айналған Қазақстан халқы Ассамблеясының еліміз үшін маңызына тоқталды.

Осы мақсатта «Қоғамдық келісім» КММ атқарып отырған жұмыстарына, ірі жобаларына тоқталып өтті.

Сонымен қатар отырысқа қаны бөлек болғанымен, қазақ халқымен жаны бір, ұлтқа басқа болғанымен, халқымызбен арманы ортақ этномәдени бірлестіктер өкілдері, оның ішінде Қарағанды

облысының «Құрметті азаматы» Валерий Громов, Қарағанды облысы корейлерінің Этномәдени бірлестігінің төрағасы Ася Хегай, Қарағанды облыстық «Полония» поляк қоғамының төрағасы Виталий Хмелевский қатысып, өз ойларын ортаға салды.

Университет пен Достық үйінің бірлесе өткізген еліміздегі бейбітшілік пен келісімді нығайту жолындағы тағы да бір іс-шарасы тыңдаушылардың, студенттердің көңілінен шығып, үлкен ой салды.

Осылайша, Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті жанындағы Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасы университет студенттерін ұлттаралық татулық пен бірлікті көздің қарашығындай сақтап, біртұтас ел ретінде бәсекеге қабілетті ұлт болуға шақырды.

Ә.БЕЛГІБАЙҰЛЫ

БІР ЖАҒАДАН – БАС, БІР ЖЕҢНЕН – ҚОЛ

Атырау облысы Қазақстан халқы Ассамблеясына қарасты этно-мәдени ұйымының мүшелері екі аптадан бері Алматы селолық округінде жаға бекіту жұмыстарына қатысып жатыр. Атырау қаласы бойынша «қауіпті» учаскелер қатарына енгізілген Алматы селолық округінің орталығында еңбек етіп жүрген Ассамблея мүшелері қиындықтан жеңіспен шығатынымызға сенімді.

Бөгет соғу, құмға қап толтырып, оны тасымалдау жұмыстарын екі ауысымда атқарып жатқан Ассамблея мүшелерінің бірі – Тхониль Атырау» корей этно-мәдени ұйымының төрайымы Людмила Ли.

«Тасқын басталғалы бері қала тұрғындары бір адамдай жаға бекіту жұмыстарына шықты. Біз әу бастан Ассамблеяға қауіпті учаскені беруді сұрадық. Қазір Атырау облысы бойынша он сегіз этно-мәдени ұйым бар болсақ, барлығымыз үлкен, жасымыз бірлесіп, қаламызды қорғауға қатысып жатырмыз. Жастарымыз күндіз жаға бекіту жұмыстарына қатысса, кешке қалаға барып, гуманитарлық көмекті қабылдауға көмектесіп жүр», – дейді «Тхониль Атырау»

корей этно-мәдени ұйымының төрайымы Людмила Ли.

«Вайнах» шешен-ингуш этно-мәдени ұйымының Атырау облысы бойынша өкілдігінің төрағасы Нурид Тикаев атыраулықтарды қиындыққа бірлесіп қарсы шығуға шақырды.

Еске сала кетелік, Атырау облысы Қазақстан халқы Ассамблеясына қарасты 18 этно-мәдени ұйым бар. Қазір аталған ұйымдардың екі жүзден астам мүшесі Атырау қаласында Жайық жағалауын бекіту жұмыстарына және гуманитарлық көмек көрсету орталығында ерікті болып еңбек етуде.

Баян ЖАНУЗАҚОВА



ТАТУЛЫҚ ПЕН ДОСТЫҚ МЕКЕНІ



(Басы 1-бетте)

Айхан ШӘРІП

БҰҰ дерегінше, бүгінде әлемде су басу қаупі бар территорияларда 1-2 миллиардқа дейін адам тұрып жатыр. Су басу – адамзат өркеніне төнген ең қауіпті нәубеттің бірі. Жер ғаламшарының басым бөлігінде тасқын байырғыдан бүгінгі заманға дейін зұлматты табиғи апаттардың тізімінде басты орында келеді.

Азды-көпті дерек келтіре кетелік. 1937 жылы жапон әскерін тоқтату мақсатында қытай солдаттары алып бөгетті жарып жібереді. Жаудың шабуылының жолы кесілген, бірақ тосыннан туындаған тасқыннан Қытайда 500 мыңнан аса бейбіт тұрғын мерт болды. 1970 жылғы 12 қарашада «Бхола» аталған циклон және соған ілес жеткен топан су өткен ғасырдағы ең жойқын табиғи апат туырды. Сағдарынан, Шығыс Пәкістанда, Үндістанда 500 мыңдай адам қаза тапқан.

2004 жылғы 27 желтоқсанда Мадагаскардан Пухуктеке дейінгі Үнді мұхитының жағалауын және аралдарын алып толқындар ұрды. Қуатты жер сілкінісінен туындаған күйретуші цунами кесірінен бір күн ішінде бірнеше елдің 200 мыңнан астам адамы қырылып қалды.

Жер-жаһанда ондай тауқыметті табиғи апаттардың қайталанбасына кепіл жоқ, керісінше, қаупі артты. Сарапшылар жағасынан жиі шығатын Яндзы, Хуанхэ сияқты өзен-көлдері көп көрші Қытайда жыл сайын үш-төрт мыңдай адам қызыл суға қарық болатынын айтып жүр.

Елдің бақытына орай, Қазақстанда Мемлекет басшысының өзі елді мекендерді су басу қаупіне баса мән беріп, оған жол бермеу шараларын жеке бақылауына алды.

ТАСҚЫНМЕН КҮРЕСКЕ СҮБЕЛІ ҮЛЕС

Құтқарушылар, волонтерлер, мемлекеттік қызметшілер, сарбаздар, тәртіп сақшылары, қоғам белсенділері, бизнес өкілдері және жастар – бәрі бірге жүр. Ортақ істен ешкім шет қалған жоқ. Қоғамның барлық өкілі бір атаның баласындай жұрт болып жұмылды, ел болып

өңсерді. Бір-біріне шынайы жанашыр болды.

Үкімет, мемлекеттік органдар, құзырлы мекемелер және еріктілер бірлесіп жұмыс істеді. Соның арқасында 119 мыңнан астам адам дер кезінде қауіпсіз жерге көшірілді. Атап өтер жайт, 45 мыңға жуық бала құтқарылды. Қазақстан олардан жаппай айрылғанда, болашағының бір тамырына балта шабылғандай ауыр қасірет болатын еді. Ең бастысы, адам өмірін барынша сақтап қалуға күш салынды.

Президенттің тапсырмасымен мемлекеттік материалдық резервті пайдалануға рұқсат берілді. Республикалық және облыстық жедел штабтар жұмыс істеп жатыр. Қоғам белсенділері және волонтерлер гуманитарлық көмек жинауды қолға алды. Халқымыздың ынтымағы мен жоғары азаматтық жауапкершілігі осы кезде айқын көрінді.

Бірқатар аймақ инфрақұрылымды және бүлінген үйлерді қалпына келтіруге кірісіп кетті: баспана құрылысы басталған. Бұл шаруаға ірі бизнес өкілдері қосылды. Қоғам белсенділері де зор үлес қосуда. Еліміздегі компаниялар, жеке кәсіпкерлер түрлі көмек қорларына қомақты қаржы аударды. Бюджет пен қайырымдылық қаражаттарын қосқанда, 140 миллиард теңгеден астам қаржы жиналған. Ақша күн сайын түсіп жатыр, көмек қоры ұлғаяды.

Жиналған қаражат елді мекендерді қалпына келтіруге жұмсалатыны жарияланды. Сондай-ақ апаттың кесірінен қиын жағдайға тап болған азаматтарға көмек ретінде беріледі. Қасым-Жомарт Тоқаев сендіргендей, ешкім елеусіз қалмайды, мемлекет шығынды түгел өтейді.

Қарғын сумен күресуге Қазақстан халқы Ассамблеясы зор үлес қосты. Мемлекет басшысы ҚХА-ның бұл тұрғыдағы жұмысын жоғары бағалады, тасқын басталғалы белсенді әрі үйлесімді жұмыс істегенін атап өтті. Жұртқа жан-жақты көмек беру үшін Ассамблеяның республикалық және аймақтық штабтары дереу құрылды. Барлық өңірдегі «Достық үйлерінде» Ассамблеяның гуманитарлық көмек қабылдау және еріктілер жұмысын үйлестіру орталықтары ашылды.

«Жүректен жүрекке» ауқымды акциясы аясында апат аймақтарына 1500 тоннадан астам азық-түлік және қажетті тауарлар

жолданды. Оның жалпы сомасы шамамен 770 миллион теңге болды. Этномәдени бірлестіктердің өкілдері зардап шеккен адамдарды азық-түлікпен, ыстық тамақпен, киім-кешекпен, қажетті заттармен және техникамен қамтып отыр.

Су тасқынымен күреске этномәдени бірлестіктердің 12 мыңға жуық өкілі қосылды. Олар гуманитарлық көмек жинауға жұмылды. Сондай-ақ жұртты қатерден хабардар етуге және қауіпсіз жерге көшіруге атсалысты.

Нақтыласак, еліміз бойынша су тасқынына қарсы күреске барлығы 20 мыңнан астам волонтер жұмылдырылған екен. Оның жартысынан астамы Ассамблея арқылы тартылды. Олардың басым көпшілігі Ақтөбе, Қостанай, Батыс Қазақстан, Абай, Ақмола, өзге облыстардағы Төтенше жағдайлар департаментінің қызметкерлеріне барынша жәрдемдесіп жатыр. Бұл туралы Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин әлеуметтік желіде жазды.

Еліміздегі волонтерлік ұйымдардың жұмысын үйлестіру – маңызды міндеттің бірі. Мұны «АМАНАТ» партиясының «Жастар Рухы» жастар қанаты өз мойнына алды. Ауқымды филиалдар желісі және мемлекеттік органдармен жұмыс істеу тәжірибесі бар «Жастар Рухы» ерікті құтқарушыларды жинау, гуманитарлық көмекті сұрыптау және жеткізу жұмысын тиімді атқарып отыр.

ЕРІКТІЛЕР – ҚАЗІРГІ ЗАМАН ҚАҒАМАНДАРЫ

Бірқатар өңірде тасқынның бегі қайтқан жоқ, елдің батысында, солтүстігінде күн жылынып, тоң мен мол қар еріп, үлкен судың екінші легі келіп жатыр. Сондықтан жағдайдың қайтадан ушығып кетпеуі басты назарда болуы тиіс. Құтқарушылар күндіз-түні жұмыс істеп жүр. Қарулы Күштер, Ұлттық ұлан, Ішкі істер министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Мемлекеттік күзет қызметінің жеке құрамы да белсеніп атсалысып жатыр.

Еріктілердің бірі, Qazaqstan Ardagerleri қауымдастығының төрағасы Бақытбек Смағұл тасқын қаупі күшейген сәуір бойы жауынгерлермен бірге Батыс Қазақстан, Атырау, Ақтөбе, Солтүстік Қазақстан және басқа өңірлерде болып, елді мекендерді су басудан қорғауға, арынды өзендердің жағалауларын бекітуге, бөгет-дамбалар тұрғызуға атсалысты. Ол осы орайда елдің ауызбіршілігіне сүйсінгенін айтады.

– Ел бірлігінің арқасында зардап шеккен жұртшылық апат алдында жападан жалғыз қалмағанын, бүкіл халық – өздерімен бірге екенін сезінді. Мемлекет пен кәсіпкерлер тарапынан қолдау бар. Жан сала қимылдап, күндіз-түні жалғасқан ауыр жұмыстан біраз титықтағанымен, әскерлеріміздің, волонтерлеріміздің қажыр-қайраты тегеурінді, көңіл күйлері жақсы. Мысалы, ерікті ретінде Батыс Қазақстан облысында қызмет еткенімде, жергілікті тұрғындар өздерін қорғауға жан салып жатқанымызды түсініп, алыс айтты, бата берді. Сондай-ақ аптасына бірнеше рет монша жағып, шақырып тұрды. Жігіттерге әртүрлі тосап әкеліп, дәм татырды. Жергілікті әкімдіктерде қажеттімен қамтамасыз етті, – деді Бақытбек Смағұл.

Ол ұлттық армиямыздың ерен еңбегін де ерекше атап өтті. Мысалы, Солтүстік Қазақстан облысын аралағанда, «Қызыл-жарда стратегиялық нысанды – халықты ауызсумен қамтитын сорғы стансасын су басқалы жатыр!» деген суыт хабар түсіп, әскермен бірге соған аттанды.

«Сонда небәрі 120 адам 100 мыңнан аса қапты құмға толтырып, бір түнде жасанды бөгет-дамба тұрғызып, тасқынның бетін қайтарды. Әйтпесе, су сорғы стансасы су астында қалғанда, Петропавл қаласы бірнеше айға суызы қалағын еді. Нысанды қалпына келтіруге қыруар бюджет қаржысы да шығындалатын еді. Сол және басқа да проблемалардың бәрінен құтқарды. Жауынгерлеріміз бен еріктілерімізге зор алғыс айтқым келеді. Қазақтың бірлік деген қасиетті сөзі ірілік деген қадірлі сөзбен астасып жатқандай. Біз, Қазақстан халқы, бұл күндері бірлік пен ірілік таныта алдық!» – деді Qazaqstan Ardagerleri төрағасы Бақытбек Смағұл.

Ол осы қысылтаң шақта халқымен бірге болып, көңілін демеген, рухын көтерген Қазақстан Президентінің қимыл-қарымын су басқан көрші елдің ақпарат құралдарының тағылым-үлгі ете, тамсана көрсеткеніне көңілі бір марқайғанын



айтады. Мемлекет басшысы өз өнегесімен, ұлағатты ісімен еріктілерге күш берді.

ҚХА Кеңесінің мүшесі, «Вайнах» шешендер мен иншутер қауымдастығының төрағасы Юсуп Келигов тасқынмен күрес қасиетті қазақ жерін мекен еткен барлық ұлттар мен ұлыстарды топтастыра түскенін айтады.

«Қазақстан азаттықтың алғашқы күнінен достықты, бірлікті, теңдікті ту етіп келеді. Бірде-бір диаспораның өкілі қысым көрген емес. Олар алғысын осы күндері тағы білдірді. Әрбір елдің халқының қаншалықты бірауызды екені осындай қиын шақта сыналады. Бұл тұрғыдан алғанда Қазақстан татулықтың, келісімнің киелі шаңырағына айналғанын көрсетті. Біздің бәріміз бір халық болып, еліміздің өңірлеріндегі су тасқынына уайымдадық, көмек қылуға ұмтылдык. Зардап шеккен өңірлерге көмектен

этномәдени бірлестіктер, Ассамблея волонтерлері қалыс қалған жоқ. Азық-түлік, санитарлық-гигиеналық заттар мен дәрі-дәрмектер жинап, жеткізуге бір кісідей жұмылды», – деді Ю.Келигов.

Еліміздегі ұлыстар шын мәнінде, Отанымыздың шаңырағын биік ұстаған, берік тірек болған ұлыстарға айналды. Осылайша, табиғи апаттан тоз-тоз болмай, жүнжімей, бір тудың астында топтаса білген Қазақстан халқы бұл күндері Отанға деген сүйіспеншіліктің, патриоттық сезімнің, азаматтық борыштың, жалпыұлттық келісімнің ұлық үлгісін паш етті.

Мемлекет басшысы азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, уақытылы көмек көрсету, жаңа баспаналар тұрғызу және зардап шеккендерді бұрынғы қалыпты өміріне оралуына жағдай жасау міндетін қойды. Тұрғын үй құрылысы азаматтар үшін жаңа мүмкіндіктер туғызады, су басқан ауылдардың тұрғындары экономикалық әлеуеті жоғары елді мекендерге көшіріледі, құрылыста, басқасында жаңа жұмыс орындары құрылады.

Президенттің тапсырмасымен табиғи нәубеттердің алдын алудың көптеген шарасы қабылданады. Тараздағы Қазақ

ҮНЕМНІҢ КІЛТІ – МӘДЕНИЕТТЕ

Су тасқынынан енді ес жиып жатырмыз десек те, су тапшылығы проблемасы өзекті күйінде екенін ұмытпағанымыз жөн болар. Statista.com сайтының мәліметі бойынша 2040 жылы 40 ел судан тарығады екен. Олардың қатарында біз де бармыз.

Нұрлан ҚОСАЙ

Әзірге Қазақстан су қоры бойынша 107,5 текше шақырым сумен әлемде 66-орында тұр. Дүниежүзілік банктің болжамына сүйенсек, 2030 жылға қарай Қазақстанда су қоры жылына 90 текше шақырымнан 76 текше шақырымға дейін азаяуы мүмкін. Оған себеп: судың 44%-ы көрші мемлекеттерден келетіні. Сондықтан бүгінгідей ысырапшылдыққа жол беруге болмайды. Елімізде су үнемдеу технологияларын қолданысқа енгізуді міндеттеу керек. Ондай құрал-жабдықтар мен қондырғылардың түрі шаруашылықта да, тұрмыста да жетерлік. Солардың бірқатарына тоқтала кетейік.

ҮНЕМНІҢ БІР ЖОЛЫ – АГРОГЕЛЬ

Су тұтыну негізінен 3 бағытта жүзеге асады десек, олар – ауыл шаруашылығы, өндіріс және тұрмыстық қажеттіліктер. Соның ең көбі агросекторда, яки 63%-ы ауыл шаруашылығында пайдаланылады. Сол сияқты ең көп рәсуа болатыны да осы сала. Өйткені инфрақұрылымдар ескі болғандықтан, шамамен тең жартысы тасымалдау кезінде жолда жоғалады. Одан қалды, бізде құйып суару жүйесі қалыптасқандықтан, өсімдіктің тамырына ғана емес, ашық топыраққа да түскен су босқа жерге сіңіп немесе ауаға ұшып кетеді. Сол себепті егін шаруашылығына арналған

үнемдеу технологияларын қолданған жөн. Оның тамшылатып суару, шөптен жабын жасау, агрогель, жанбыр суын жинау, қар суын тоқтату, жылыжай, гидропоника, аквапоника, аэропоника сияқты түрі көп.

«Біз шығаратын агрогель – ғылыми жетістіктеріміздің жемісі. Бұл өнім поликриль қышқылы мен калий гидрототығының молекулаларын біріктіру жолымен жасалған. Су сіңіргіштігі өте жоғары. Топырақ жағдайына қарай 200-400 миллилитрден 1 литрге дейін суды бойында ұстап тұруға мүмкіндігі бар. Әрі ол судың 95%-ға дейінгі көлемін тікелей өсімдік тамырына береді. Біріншіден, су топыраққа сіңіп кетпейді, екіншіден жер қыртысына теріс әсер етпейді, үшіншіден өсімдікке оңтайлы ылғал-ауа режимін сақтайды. Одан бөлек, су мен тынайтықшылығын азайтады, тасымалдау, отырғызу кезінде өскіндердің тамырын қорғайды, жерінуіне көмектеседі, өсімдіктердің құрғақшылыққа төзімділігін арттырады, топырақты қосытып тұрады. Ал 3-5 жылдық жарамдылық мерзімі біткеннен кейін биологиялық жолмен топыраққа араласып кетеді. Ең бастысы, адамға да, қоршаған ортаға да қауіпсіз», – дейді BETA SORB ЖШС директоры Әлібек Нұрқиев.

Агрогелді егін шаруашылығында пайдаланудың 5 түрлі жолы бар. Ол егістікке де, бау-бақшаға да, ағаш-көшет отырғызуға да жарайды. Ең басты мақсат – үнем болса, оның пайдаланғаннан кейінгі суғару су көлемі 50-75%-ға дейін азайғаны дәлел-



денген. Ал бәрінен бұрын ол өзімізде шығады.

«АҚЫЛДЫ» САНТЕХНИКА ЫСЫРАПТАН САҚТАЙДЫ

Мамандар тұрмыста жалпы су көлемінің тек 4%-ы ғана тұтынылатынын айтады. Әйтсе де, оның өзі де көп. Өйткені әрбір адамға шуге, тамақ дайындауға және жеке гигиена үшін күніне 20-50 литр жетеді екен. Ал біз болсақ, 100 литрге дейін пайдаланамыз. Яки, ысыраптан көкесі үйімізде. Сондықтан да күнделікті тұрмыста су үнемдеу маңызды болып тұр. Мұндайда ең бірінші кезекте электрондық сантехникалар еске түседі. Мысалы, «ақылды» шүмектер, себегілер, дәрет шайғыштар (пумпер) мен унитаздар біртіндеп өмір салтымызға еніп келеді.

«Қолыңды жақындатсаң су ағатын шүмектерді бәріміз түрлі қоғамдық жерде көріп жүрміз. Олар толқын таратқыш және қабылдағыш жүйе арқылы жұмыс істейді. Сонысымен су үнемдеуге көп көмектеседі. Мәселен, қарапайым шүмектермен шайынды, тіс жуған адам бір ретте 5 литр су шығындаса, «ақылды» түрімен оған 2 литр су жұмсайды. Мұндай заманауи сантехниканың түрлері қазір көбейіп келе жатыр. Қарапайым түрінен бастап күрделілері де бар. Жапон елінде «менің унитазым интернетке шыға алады» деген әзіл бар екен. Дамығаны сондай, олардың суды жылытатын, дезинфекция жасайтын, ерікті жылытып қоятын унитаздары интернетке қосылған», – дейді сантехника сағатын дүкендер желісінің өкілі Дмитрий Донской.

Әрине, үнемді сантехниканың бағалары арзан тұрмайды. Десек те, суға кеткен шығынды үнемдеу арқылы оны өтеп алуға болады. Бір жағы ол жайлылыққа да сеп. Мәселен, smart бұйымдармен алдын ала уақытын, температурасын, тағы да басқа параметрлерін енгізіп қойып, сіз үйге келе жатқанда ваннаны суға толтырып қоюға болады. Одан да өзге тиімділіктері жетерлік. Ең бастысы, бейсауат ағып жатқан су жоқ.

ЕҢ БАСТЫСЫ – МӘДЕНИЕТ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Су үнемдеу технологияларын қолдануды міндеттеу керек екені дұрыс. Тіпті, тарифті де аспандатып, Еуропа елдеріндегі үнемге мәжбүрленгенді де терістігі жоқ. Бірақ тек заңды қатайтумен бұл мәселені шеше саламыз деп ойлау қате. Сондықтан да ең бірінші кезекте адамдардың бойында үнем мәдениетін, қоршаған ортаға деген жауапкершілік мәдениетін қалыптастыру керек.

«Біздің халық «жеріміз бай, суымыз көп» деген қате көзқараспен өмір сүріп жатыр. Сондықтан да болар, ысырапшыл. Көз алдында сарылдап ағып жатқан суды тоқтату ойланбайды. Егер көпшілік жерде суды ағызып қойып, «әлеуметтік эксперимент» жүргізер болсақ, бұған көз жеткізуге болар еді. Сондықтан да ең бірінші кезекте адамдардың жауапкершілік мәдениетін, жанашырлық сезімін тәрбиелеу керек. Үнем әдебін кеңінен насихаттап, оны мектеп қабырғасынан практикалық сабақ етіп оқыту қажет. Бәлкім, сонда бір нәтижеге қол жеткізіп қалуымыз мүмкін», – дейді Астана қаласының тұрғыны Раушан Үсенқызы.

Елордалық жерлесіміздің сөзінен жаны бар. Үнемнің басы – мәдениетте. Егер табиғи ресурстарды тұтыну емес, игілікке жарату кілтін таба алсақ, келер ұрпаққа қалар несібе де мол болмақ.

ТЕҢІЗГЕ ЖЕТКІЗЕР ТУРА ЖОЛ

Қазақстан ашық теңізге Ауғанстан арқылы да шығатын жолды көздейді. 2024 жылғы 24 сәуірде аталған елге барған қазақстандық делегация бірлескен көлік мүмкіндіктерін кеңейту мәселесін жан-жақты қарастырды.

Бауыржан БАЗАР

Қазақстан және Ауғанстан Премьер-Министрлерінің орынбасарлары Серік Жұманғарин мен Абдулани Барадармен кездесуінде тараптар Орталық және Оңтүстік Азияны интеграциялау жобаларындағы ынтымақтастықты дамытуға өзара мүдделілік танытты. Атап айтқанда, қазақстандық тараптың трансаяуандық дәлізі дамыту жобаларын іске асыруға қатысу дайындығы пысықталды. Ол жоба



«Термез – Мазари-Шариф – Кабул – Пешавар» және «Герат – Кандагар – Спин-Будлак» теміржолдарын салуды көздейді.

Түптеп келгенде, трансаяуандық дәлізі жалғыз Қазақстан мен Ауғанстан үшін ғана емес, тұтас Орталық Азия және Оңтүстік Азия елдері арасында жүктерді жеткізу уақытын 10 есеге қысқартуға мүмкіндік береді. Нәтижесінде, тауарды тасымалдау құны да төмендеме. Қазақстан теміржолдың жоғарғы құрылысына арналған материалдарды, өз өндірісінің шпалдары мен бекіткіштерін жеткізу арқылы трансаяуандық магистралінің құрылысына қатысуға дайын.

Айта кету керек, соңғы үш жылда Қазақстаннан Ауғанстанға экспорттық тасымалдау көлемі тұрақты түрде өсіп келеді. Мәселен, былтыр теміржол арқылы жүкі тасымалдау көлемі 2,7 млн тоннаны құрады, оның 1,5 млн тоннасы – үн мен астық. Бұл көрсеткіш 2021 жылғы деңгеймен салыстырғанда 14%-ға көп. Мамандар алдағы жылдары экспорт 40%-ға артады деп болжайды. Тіптен 2030 жылға қарай тасымал көлемінің 3 есе өсуі күтілуде.

Екі ел үкіметінің мүшелері мен іскер топтарының кездесуінде «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ өкілдері экспорттық және транзиттік жобаларды таныстырды. «Бүгінде Қазақстаннан Озбекстан, Ауғанстан, Пәкістан арқылы және одан әрі теңіз арқылы БАӘ-дегі Джебел-Али портына дейін жана мультимодальды экспорттық бағыттарды ұйымдастыру бойынша пилоттық жоба басталды. Жана бағыт KTZ Express-тің қатысуымен ұйымдастырылды. Экспорттаушы – қазақстандық Bio Synergy со, жүктерді жеткізу бойынша серіктес – пәкістандық National Logistics Cell (NLC). Қазір Павлодар облысында жүк тиеу басталды. Бұл – алюминий силикатты қуыс микросфера. Алматыда жүк контейнерлерге тиеліп, пәкістандық серіктес машиналарына ауыстырылады. Әрі қарай автокөлікпен Озбекстан мен Ауғанстан арқылы Пәкістанның Карачи портына дейін жеткізіледі. Ол жерден екі контейнер теңіз арқы-

лы БАӘ-дегі Джебел-Али портына дейін жөнелтіледі», – деді «КТЖ» ҰК» АҚ басқарушы директоры Бауыржан Орынбасаров.

Оның айтуынша, жүктерді межелі жерге жеткізудің мерзімі – шамамен 20-25 күн. Пилоттық жобаны сәтті іске асыру кезінде жүк ағыны да едәуір артпақ.

Сондай-ақ тараптар екі мемлекет арасындағы әуе қатынасын қалпына келтіру мүмкіндіктерін талқылады. Қазақстан мен Ауғанстанның авиациялық билігі арасындағы өзара түсіністік туралы меморандум шеңберінде Тараптардың авиата-

нан біздің елге минералды және газдалған сусындар, жүзім, кептірілген жемістер, жеміс шырынын импортталады.

Қазақстан вице-премьері Серік Жұманғарин Ауғанстан премьер-министрінің орынбасары Абдул Гани Барадармен кездесуі барысында астық пен үн жеткізу көлемін арттыру үшін Бейнеу терминалының қуатын қарастыруды ұсынды.

«Бүгінде Қазақстан Ауғанстанның негізгі сауда серіктестерінің ондығына кіреді. Сіздердің елдеріңіз қазақстандық астық пен үнды дәстүрлі түрде импорттап келеді. Қазақстан бұл тауарларды Ауған нарығына сенімді жеткізуші болды және болып қала береді», – деді Серік Жұманғарин.

Бейнеу терминалы Маңғыстау облысының аумағында орналасқан, Қазақ-

стан–Түрікменстан шекарасына тікелей шыға алады. Терминалда барлық қажетті өндірістік инфрақұрылым бар. Ол өнімді экспортқа одан әрі тасымалдау үшін құрылыстағы ауыстырып тиеу терминалы-жынақтағыш міндетін орындай алады. Оған қоса, терминалдың қуаттылығы айына 100 мың тоннаға дейін астық, 12 мың тонна үн және 3 мың тоннаға дейін құрама жем жөнелтуге мүмкіндік береді.

АУҚЫМЫ КЕҢ НАРЫҚ

Ең алдымен, біздің ел үшін Ауғанстан – ауқымды нарық. 2023 жылы аталған елдегі халық саны 42 079 578 адам болса, биылғы жылдың басындағы көрсеткіш – 43 349 960 адам. Ауғанстанда табиғи өсім жоғары. Мәселен, 1991 жылы халық саны 12 859 307 болған. Оған бергі 33 жылдың ішінде үш еселен астам көбейген. БҰҰ Ауғанстандағы халық саны 2035 жылға қарай 50 млн-нан асады деп бол-



Қазақстанның әзірге ең басты өнімі – үн. Жыл сайын қазақстандық үнның 60-70% Ауғанстан нарығына шығарылады. Былтырғы қыркүйек айындағы ресми дерекке қарасақ, Ауғанстанға 258,8 млн доллардың үні сатылыпты.

жап отыр. Ол аз десеңіз, Ауғанстан арғы жағында 232 833 249 адамы бар Пәкістанмен шектеседі. Демек, Қазақстанға ауған жері арқылы өнімін Оңтүстік Азияға өткізуге мүмкіндік ашылады. Теңізге шығару төте жолдың бірі де осы. 2021 жылы Қазақстанның Пәкістанға экспорты 65,9 млн долларға жеткен болатын, бұл тұрғыда өнім түрлерін көбейтудің мүмкіндігі әлі де көп. Былтыр екі елдің арасындағы тауар айналымы 38,7 млн долларды құрады.

Қазақстанның әзірге ең басты өнімі – үн. Жыл сайын қазақстандық үнның 60-70% Ауғанстан нарығына шығарылады. Былтырғы қыркүйек айындағы ресми дерекке қарасақ, Ауғанстанға 258,8 млн доллардың үні сатылыпты.

Ал 2022 жылы Қазақстан мен Ауғанстан арасындағы тауар айналымы 987,9 млн долларды құрап рекордты көрсеткішке жетті, бұл 2021 жылғы көрсеткіштен (474,3 млн доллар) 2 есе артық. Ауғанстан-

ТРАНЗИТТІК ӘЛЕУЕТТІН ТАҒЫ БІР ҚАТЫРЫ

Сонымен қатар Қазақстанның Оңтүстік Азия бағытына қарай қытай жүктерін транзиттен өткізу мүмкіндігі бар. Яғни, ол Қытайдан Қазақстан бағытында жүретін барлық контейнерлік пойыздар-

дың 40%-ын біріктіретін Сиандағы (КХР) Құрғақ порт аумағындағы меншікті терминал. Бұл аз десеңіз, Ляньюньган портында күн сайын Қазақстан бағытына екі контейнерлік пойыз түзетін Қазақстан–Қытай терминалы жұмыс істеп тұр. Осылайша, егер Трансауған теміржолдары салынатын болса, онда жүктер Қытайдан Қазақстан арқылы тек батысқа ғана емес, Ауғанстан арқылы Пәкістан, Үндістанға да өтеді.

Сондай-ақ Қазақстан тарапынан Қытай–Қазақстан (Ақтауға дейін) – Түрікменстан – Ауғанстан (Тургунди/Анхой) бағыты бойынша Қытай өнімдерін Қазақстан аумағы арқылы Ауғанстанға жеткізуді әртарапандыру туралы ұсыныс айтылды. Жүктерді біріктіру үшін Сиань қаласындағы (КХР) терминалды пайдалану ұсынылды. Қазақстандық мамандардың есебі бойынша Сиань/Үрімжі қалаларынан Ауғанстанға (Тургунди/Анхой) ұйымдас-



тырылған контейнерлік пойыздармен тауарлар жеткізу уақыты шамамен 10-12 күн.

Вице-премьер Серік Жұманғарин бастаған қазақстандық делегацияның Ауғанстанға ресми сапары аясында, «электронды үкімет» бойынша отандық әзірлемелердің ең үздік шешімдері таныстырылды. Өз кезегінде «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ өкілдері Data Lake, Smart Bridge және Gov.kz сияқты үздік қазақстандық шешімдерді онлайн форматқа көшіру бойынша әлемде алғашқылардың қатарында. Тәжірибемізді бөлісуге және ауған серіктестерімізге үздік тәжірибелерді беру туралы дайынбыз. Біз үшін тағы бір басым бағыт – мектептерге интернет қосу. Барлық оқушылардың білім алуға қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін қажетті қолдауды көрсетуге әзірміз», – деп мәлімдеді С.Жұманғарин.

Атап айта кетерлігі, бүгінде Қазақстан онлайн қызметтерді дамыту деңгейі бойынша БҰҰ рейтингінде 8-орында тұр. Ал жалпы рейтингте «электронды үкіметі» дамыту индексі бойынша 28-орындамыз. Бұл орайда, мемлекеттік қызметтердің 94% автоматтандырылып, электронды форматқа көшірілген. Былтыр IT-өнімдер мен қызметтер экспорты 5 есеге артып, 500 млн долларға жетті. Сондай-ақ қазақстандық делегацияның ресми сапары барысында тараптар «Қазақтелеком» АҚ мен «Ауғантелекомның» коммерциялық ынтымақтастығы аясында Ауғанстанға интернет трафигін 60-тан 100 Гбит/с-ка дейін кеңейту мүмкіндіктерін талқылады.

БИЗНЕСКЕ БЕРІЛГЕН ЖАҢА МҮМКІНДІК

Біздің делегацияның Ауғанстанға ресми сапары барысында қазақстандық 35 компания Кабулда өткен Қазақстан–Ауғанстан бизнес-форумы мен көрмесінде өз өнімдері мен қызметтерін ұсынды. Қазақстанның іскер топтарының құрамын серіктестіктің жана бағыттарын құру үшін QarMet компаниясының, Dossar Group дилерлік орталығының (KIA, Chevrolet брендтері), Кентау трансформатор зауытының, Kaspu Group компаниялар тобының (металл конструкцияларын дайындау, ауыл шаруашылығы техникасын өндіру) өкілдері, зертханалық сынақтарды, медициналық дәрі-дәрмек, май өнімдері, кондиционерлік өнімдер, тоқыма және басқа да тауар өндіруші кәсіпкерлер барған-ды. Бизнес-форумының ашылуында Премьер-Министрінің орынбасары Серік Жұманғарин Ауғанстан делегациясының Қазақстанға сапары қорытындысына сәйкес екіжақты тауар айналымын 3 млрд долларға дейін арттыру міндеті қойылғанын еске салды. «Біз химия өнеркәсібіндегі, тау-кен металлургия кешеніндегі өндірісті бірлесіп дамытуды, Ауғанстан аумағында қатты пайдалы қазбаларды геологиялық барлау, IT-технологиялар саласында, өндіру және өңдеу бойынша бірлескен жобаларды іске асыру жөніндегі өзара іс-қимылды қарастыруды ұсынамыз. Қазақстан тарапы Ауғанстанда автокөліктерге қызмет көрсететін дилерлік орталықтардың орналасу орнын кейіннен

анықтай отырып, отандық өндірістің автомобильдерін жеткізуге мүдделі», – деді С.Жұманғарин.

Одан бөлек, екі елдің жоғары білім және ғылым саласындағы ынтымақтастығы аясында Серік Жұманғарин Ауғанстан азаматтарына Қазақстанның жоғары оқу орындарында оқуға берілетін гранттардың жыл сайынғы санын 30-дан 60-ка дейін арттыруды ұсынды. Сондай-ақ вице-премьер Ауғанстаннан келген 30 баланы Қазақстанның жазғы лагерлерінде 10 күн демалуға шақырды.

Ауған кәсіпкерлері қазақстандық ауыл шаруашылығы өнімдеріне деген сұраныстың әлі де жоғары екенін байқатты. Бизнес-форум қорытындысы бойынша 12 млн доллардан астам сомаға күнбағыс майы, дәнді дақылдар мен үн жіберу туралы келісімдерге қол жеткізілді. Ауған компаниялары мотор майына үлкен қызығушылық танытып, отандық жеткізушілермен аталған тауарды жеткізуге алғашқы келісімшартқа қол қоюды жоспарлап отыр.

Іскерлік кездесу нәтижесінде Герат қаласында Қазақстанның сауда үйі ресми түрде ашылып, өз жұмысын бастады, сондай-ақ ол Қазақстан–Ауғанстан сауда-экономикалық қарым-қатынастарының жандануына ықпал ететін болады.

ЖЕРАСТЫ БАЙЛЫҒЫН БІРІГІП ИГЕРМЕК

Ауғанстан – пайдалы қазбаларға бай мемлекет. Елде мұнайдың, табиғи газдың, тас көмірдің, темір және түсті кеннің, мыс пен алтынның және сирек кездесетін металдардың мол қоры бар. Кезінде аталған елдің 30% аумағына зерттеу жүргізген АҚШ-тың Геологиялық қызметі (USGS) республиканың ресурстық мүмкіндігін шамамен трлн доллар деп бағалапты.

Қазақстан вице-премьері Серік Жұманғарин Ауғанстанның Мұнай және шахта министрі Шахабуддин Делавармен кездесуде геологиялық барлау, пайдалы қазбаларды өндіру саласындағы ынтымақтастық перспективаларын талқылады. Келіссөздерге отандық ERG Exploration және Kazakhmys Barlau өкілдері қатысты.

Қазақстан мұнай мен газдың, қатты пайдалы қазбалардың айтарлықтай қорына ие бола отырып, көптеген жыл бойы құрылыс-монтаждау жұмыстары, ұңғымаларды күрделі жөндеу, сараптама, зертханалық зерттеулерде мол тәжірибе жинады. Сондай-ақ жобалау, инженеринг және бұрғылау саласында шетелдік жеткізушілермен еркін бәсекелесе алатын мұнай сервисі және өндірісті компаниялардың кәсіби пулын қалыптастырды.

Бүгінде республикада геологиялық барлауға жеке инвестициялардың өсу үрдісі байқалады. Атап айтқанда, соңғы бес жылда қатты пайдалы қазбаларды барлауға инвестициялар 2,5 есе өсті (2018 жылғы 33,9 млрд теңгеден 2023 жылы 82 млрд теңгеге дейін).

Осынау мүмкіндікті зерделей келе тараптар бірлескен жобаларды анықтау және оларды іске асыру үшін екі елдің мамандарынан техникалық комитет құруға келісті. Ол үшін Ауғанстан үкіметі Қазақстанға перспективалы кен орындары белгіленген карталар мен тиісті зерттеулерін беруді мақұлдады.

САЛЫҚ ТА ДИҚАНҒА ҚОЛБАЙЛАУ БОЛДЫ

Шымкентте көптеген шаруа қожалығы жер салығының өсуіне байланысты көктемгі дала жұмыстарына кірісе алмай отыр. Олар жер салығына миллиардтаған теңге қарыз болған. Қарыз салдарынан олардың есепшоттары бұғатталып, мемлекет тарапынан берілетін субсидиядан да қағылған.

Назгүл НАЗАРБЕК

Айта кетейік, Шымкент қаласы 2018 жылы республикалық маңызы бар қала мәртебесін алғаны белгілі. Бұдан бұрын шаруалар 1 гектар үшін небәрі 90-190 теңгенің арасында салық төлеп келген болса, мегаполис атанғаннан соң мемлекетке кіріс есебінде мың есе артық ақша аударуына тура келген. Яғни, қазір 1 гектарға 91 мың 700 теңге салық аударуға тиіс. Бүгінде мыңдаған шаруа қожалығының небәрі бесеуі ғана арзан бағадағы жанар-жағар майды, тағы оншақтысы

минералды тынайтықшы үшін берілетін субсидия қаржыны алу мүмкіндігіне ие. Қалғандары барлық жеңілдіктен қағылып, қарызға белшесінен батқан.

Осындай қиындықтарға байланысты биыл шаһарда егістік аумағы 500 гектарға кеміп, бар-жоғы 26 мың 500 гектар жер игерілме. Енді олар жеңілдетілген бағамен не субсидия, не жанар-жағармай ала алмайды. Фискалдық органдар алдындағы қарыздар бір күнде миллиардтаған қаржыға дейін өскен.

«Біз дизельдік отын немесе тыңайтқыш сатып ала алмайтымыз. Қазір техника сатып алу үшін мемлекет оның 35 пайызын субсидиялайды. Өкінішке қарай,

есепшотымыз бұғатталуы болған соң ала алмаймыз. Ашығын айтқанда, бұл жерді иелене алмай отырмыз. Біз тіпті Үкімет актілерін ресімдегімізде келмейді. Өйткені мұндай салықты көтере алмаймыз», – дейді шаруа қожалығының жетекшісі Манасбай Бекбауов.

Жергілікті билік салық сомасын екі есе азайту туралы ұсыныспен мәслихатқа жүгінді. Бірақ шаруалардың айтуынша, мұндай шараның өзі олардың мәселесін шеше алмайды.

«Тіпті, салықты екі есе азайтқанның өзінде мұндай төлемдер шаруалар үшін қолжетімсіз. Сондықтан Үкіметке хат жаздық. Қала әкіміне мән-жайды түсіндірдік. Күзге дейін бұл мәселе шешіледі деген үміттеміз», – дейді қалалық ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімінің бөлім басшысы Жәнібек Тоғай.

Шымкент қаласы



СЕМЕЙ ОРМАНЫ БҰРЫНҒЫ ҚАЛПЫНА ОРАЛАДЫ

Елімізде «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы жүріп жатыр. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тікелей бастамасымен қолға алынған республикалық шараға Абай облысының тұрғындары да белсене атсалысуда. Өңірдегі барлық қала мен ауданда екі айға жалғасатын экологиялық акция басталды.



Облыс орталығы Семей қаласында республикалық «Таза Қазақстан» акциясы аясында «Семей орманы – менің орманым» көшет отырғызу іс-шарасы өткізілді. 600-ге жуық адам қатысқан акцияда 23 800 түп екі жылдық қарағай көшеттері отырғызылды. Жалпы, биыл «Семей орманы» резерваты мемлекеттік орман қорының 6100 гектар алқабына 28 млн 700 мың дана өскін егуді жоспарланған. Жұмыс екі кезеңге бөлінеді. Мәселен, көктемде 5 мың гектардан астам, ал қалған 961 гектарға күзде қарағайдың жас өскіндерін жерсіндіру міндеті тұр. Мамандар қарағай көшеттерін отырғызудың өз ерекшелігі барын айтады. «Резерватта ағаштарды қолдан отырғызу және автоматтандырылған отырғызу тәсілі жүзеге асуда. Көріні тұрған екі көшеттің арасы 70-80 сантиметр болуға тиіс. Егілген көшеттер орманшы мамандар бақылауында 2 жыл болады, ары қарай табиғи жолмен өсіп жетіледі. Көшеттер арнайы орман тұқым бағында Бородулиха ауданында өсірілген», – деді орманшы Нұржан Бақытбекұлы.

Акцияға қатысқан облыс әкімі Нұрлан Ұранбаев бұл бастаманың басты мақсаты өңірдің биоалуантүрлілігі мен экожүйесін қорғауда шешуші рөл атқаратын орманды сақтау екенін атап өтті. «Бұл акция бірреттік шара емес. Алдағы уақытта да жалғасады. Тазалық жұмыстарына бәріміз бір кісідей атсалысып, аймағымызды көркейту арқылы өскелең ұрпаққа үлгі бола аламыз. Бұл «Атадан мал қалғанша, тал қалсын» деген игі дәстүрдің жалғасы», – деді аймақ басшысы.

Айта кету керек, семейліктердің игілікті ісін еліміздің Президенті де қолдады. «Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Семей қаласы төңірегіндегі өртенген қарағайлы орманды қалпына келтіру жөніндегі жергілікті тұрғындардың бастамасын қолдады», – деп Президенттің кеңесшісі – Президенттің Баспасөз хатшысы Берік Уәли Facebook парақшасына жазды.

Абай облысы аумағында 8 сәуірден бері 12 мыңға жуық аула ретке келтіріліп, тұрмыстық қатты қалдықтар полигонына 13 мың тоннадан астам қалдық шығарылды. Бұған қоса, 80 мың ағаш, 22 мың бұта отырғызылған. Қалалар мен аудан



орталықтарындағы 218 саябақ пен 85 тарихи-мәдени ескерткіш абаттандырылды.

«Осындай игі шаралар арқылы жерлерімізді қоршаған ортаны қорғау мен экология мәселелеріне назарын аударуды басты мақсат етіп отырмыз», – дейді Абай облысы мәслихатының төрағасы Қуаныш Сүлейменов.

Оның айтуынша, көшет отырғызу арқылы аймақтың экологиясын жақсартып, қарағайлы орманды жедел қалпына келтіру негізгі мақсат айналып отыр.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Семей қаласы төңірегіндегі өртенген қарағайлы орманды қалпына келтіру жөніндегі жергілікті тұрғындардың бастамасын қолдағаны туралы ақ-жолтай хабар жетті. Тұтас ел көлемінде кең қолдауға ие болған «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында облысымызда осындай маңызды шаралар өте беретініне сенімдімін. Бұл ретте акция тұрғындарды тазалық жұмыстарына ұйытқы, жақсы істерге дәнекер болуға шақырады. Абай облысы мәслихат депутаттары ретінде біз де экологиялық акцияға белсене қатысудамыз, жылдағы дәстүрге сәйкес апта сайын қаланың әр аумағында сенбіліктер ұйымдастырып тұрамыз. Себебі табиғатты аялап, барынша қорғап қалу – өзекті мәселе. Ал қаламыздың тазалығын сақтау әрбір қала жұртшылығының парызы мен міндеті болса, қоршаған ортаны жасыл желекке айналдыру қоғамның алдына қойған бұлжытпас қағидамыз болуға тиіс», – дейді мәслихат төрағасы.

Семейде орман отырғызуға қатысты жоспарлы жұмыстардан бөлек «Саябақтар шеруі» атты дәстүрлі көшет егу шарасы да жақын арада қолға алынбақшы.

Ұлағат БЕКБОЛАТ

Қарағанды облысында жаңа жазғы маусымда қонақтарды күтіп алуға дайындық жүріп жатыр. Балқашта, Бертис шығанағы ауданында алдағы жылдары 30-ға жуық жаңа демалыс орны жұмыс істей бастауы тиіс. Ал Қарқаралы ауданында жыл сайын 23 мыңнан астам туристке қызмет көрсететін 37 үй мен демалыс аймағы жұмыс істейді. Өңірдің туристік әлеуетін дамыту Қарағанды облысының әкімдігінде өткен аппараттық кеңесте талқыланды.

ЖАЗ МЕЗГІЛІ – ЖАҢА МАУСЫМ



Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ

Қарағанды облысында туризмді дамыту жұмыстары арнайы бекітілген «Туризм саласын дамытудың 2025 жылға дейінгі Жол картасы» аясында жүргізілуде.

Туризмді дамытудың негізгі нүктелері – Балқаш курорттық аймағы мен Қарқаралы өңірі.

– Балқаш және Қарқаралы ауданының әкімдері «ҚазАвтоЖолмен» бірлесіп жол бойында және туристік тартымды жерлерде жана санитарлық-гигиеналық тораптар салу жөніндегі жұмысты жалғастыруы тиіс. Жолшылар көлігі басқармасы туристік аймақта қажет болған жағдайда маршруттар санын көбейте отырып, көлік құралдарының үздіксіз жұмысын қамтамасыз етсін. Жаппай демалу орындарындағы қауіпсіздік мәселесі маңызды болуы керек, – деп тапсырды Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев.

Айта кету керек, Қарағанды облысында туристер үшін ең тартымды орындар Балқаш курорттық аймағы және Қарқаралы ауданының табиғи оазисі болып қала береді. Олар биыл ТОП-20 және ТОП-50 бағытқа кірді. Қонақтарға жайлы болуы үшін туристік инфрақұрылымды жақсарту бойынша жұмыстар жүргізілуде.

– Туризмді дамыту үшін Балқашта Жол картасы әзірленіп, бес негізгі бағыт анықталды. Оның ішінде Бертис шығанағы ауданында инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды абаттандыру, салу жұмыстары аяқталды. Бірінші және екінші жолақта

28 учаске анықталды. Мамыр айының ортасында біз екінші қатардағы демалыс аймақтарын салуға аукционды бастаймыз, бірінші қатардағы демалыс орындарының егжей-тегжейлі жоспарлау жобасы түзетуге жіберілген. Осылайша, алдағы жылдары бізде 28 жаңа демалыс аймағы пайда болады, – деді Балқаш әкімі Сапар Сатаев.

Ал Торанғалық және Шұбар-түбек кенттерінде су құбырын жүргізуге жобалық-металық құжаттама әзірленді. Бір сөзбен айтқанда, Балқаш жағалауын абаттандыру басталды.

Қарқаралы ауданында жыл сайын 23 мыңнан астам туристке қызмет көрсететін 37 үй мен демалыс аймағы жұмыс істейді. Көлік инфрақұрылымын жақсарту үшін Қарағанды – Қарқаралы жолына орташа жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

– Инвесторларды тарту үшін Қарқаралы табиғи паркінің аумағында жалпы ауданы 10 гектардан асатын 20 жер учаскесі бар. Туризмнің өсу нүктесі ретінде Қарқаралының батыс бөлігінде, ұлттық табиғи паркімен шекарада «Бұғылы» рекреациялық аймағы анықталды. Салынып жатқан «Ту тұғыры» мемориалы мен бөгет ауданы аймақтың жалғасы болады, – деді жиында Қарағанды облысының кәсіпкерлік басқармасының басшысы Ирина Любарская.

Қарқаралы курорттық аймағын танымал ету үшін қаланың мерейтойын мерекелеу аясында Mountain Bike веломарафоны, блогерлер мен БАҚ үшін ақпараттық тур, сондай-ақ «Бұғылы Travel» марафоны ұйымдастырылады.

ЖОЛ ЖӨНДЕЛСЕ, ТУРИЗМ ТҮЛЕЙДІ

Батыс өңірі жол сапасы жағынан соңғы орындарда екені аз айтылып жүрген жоқ. Әсіресе, шалғай аудандарға баратын жолдардың сапасы сын көтермейді. Сондықтан да соңғы жылдары БҚО бойынша жол құрылысына қатты көңіл бөлініп келеді. Биылдың өзінде облыста 577 шақырым жол жөнделеді. Ол үшін бюджеттен 112,9 млрд теңге қаржы бөлінген.



Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА

Батыс Қазақстан облысының Жолшылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Бауыржан Айтмағамбетовтің сөзінше, ең қунарлық жаңалық – биыл «Қазталов – Жәнібек – РФ шекарасы», «Өнеге – Бисен – Сайхын» автожолдарында жөндеу жұмыстары аяқталатыны.

Бұл жол ең көп сыналған жол-тұғын. Себебі Жәнібек, Орда аудандары – об-

лыстың ең шалғай аудандары. Осы аудандардың халқы жол азабын әбден тартты. Айтпақшы, БҚО-ға келетін әр әкім осы Орда мен Жәнібекке жол салып беремін деп уәде береді. Бұл бір жағынан әкімдердің халық алдында абырой жинауына жақсы себеп болғандай. Жол азабын әбден тартқан қара халық «Сендерге биыл тақтайдай тегіс жол салып беремін» деген сөзді айтқан әкімді көкке көтеруге бар. Бұл құр сөз емес. Бұрнағы жылдары облысты басқарған Алтай Көлгінов 2020 жылы Орда мен Жәнібекке жол баратынын, халық енді жол азабын

тартпайтынын айтып қалды. Халықтың қуанғанын көрсеніздер. Бір-бірінен сүйінші сұрап, ел біткеннің бәрі Көлгіновті көкке көтерді. Бірақ қазір 2024 жылдың төрт айы бітті. Ал Орда мен Жәнібектің жолы әлі біткен жоқ. Әлі салынбаған 23 шақырымы бар екен.

Жәнібек пен Орда аудандарында 30 мыңға жуық халық бар. Ресеймен шекарадағы стратегиялық аймақ. Оның үстіне, қос ауданмен шектесетін Астрахан және Волгоград облыстарында 200 мыңнан астам қазақ тұрады, олар атажұрттағы бауырларымен тарихи, туыстық байланыстарының үзілмеуіне мүдделі-ақ.

Екі ауданның туристік тұрғыдан да әлеуеті жоғары. Мәселен, Жәнібек Сталинград майданының жақын тылы ретінде туристке қызықты. Соғыс жылдары мұнда эвакогоспиталь орналасты, жау ұшақтарының бомбасынан жарылып кеткен эшелонда болған Гатчинск дивизиясының сарбаздары жерленген бауырластар зираты, қабырғасын снаряд шүркі тескен су мұнарасы, басқа да тарихи орындар жетерлік. Бөкей ордасы, аты айтып тұрғандай, қазақтың соңғы хандары Бөкей мен Жәңгірдің атақонысы. Қазақ даласында алғашқылардың қатарында қазынашылық үйі, мектеп пен дәріхана салынған, сусымалы құмға сұлу қарағай орманы отырғызылған, ағартушы Шәңгерей Бөкеевтің басшылығымен тұңғыш фотостудия ашылған тарихи мекен. Күні бүгін ол үлкен мұражайға айналған. Осындай туристік тартымдылық жол жоғынан көзге түспей жатыр.

Облыста жолға бөлінетін қаржы мол. Бұл салада жемқорлық та қылан беретіні бар. Ең өкініштісі – жолдың сапасын тексеріп, халыққа дұрыс жол салынуын



қадағалауы тиіс мекеме басшысының пара алу үстінде ұсталғаны. 2023 жылдың 30 қарашасында Орал қаласы мамандандырылған тергеу сотының шешімімен «Жол активтері сапасының ұлттық орталығы» БҚО филиалының директоры Заурбек Қыпшақбаев қамауға алынды. Ол жол салған мердігер компания басшысынан пара алған деген күдікпен ұсталған еді. Кейін қылмысы сотта дәлелденді. Сот үкімінде айтылғандай, Заурбек Қыпшақбаев салынған жолды экспертизадан өткізіп, жақсы деген қорытынды беру үшін мердігер компания басшысынан 32 млн теңге пара алған. Сот шешімімен Қыпшақбаев 10 жылға сотталды.

Облыста қазір жол құрылысы маусымы басталды. Биыл былтырдан қалған жобалар да аяқталады деп жоспарланып отыр.

– Биыл «Подstepное – Федоровка» жолын қайта жаңғырту жұмысына 15,6

млрд теңге бөлінді. Осы жолдың 36-72 шақырым және 72-108 шақырым учаскелерін қаржыландыру «КПО Б.В» компаниясының қаражаты есебінен әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру шеңберінде 2024-2025 атқарылатын болады. Сондай-ақ «Хан Ордасы ауылына кіреберіс» автомобиль жолын орташа жөндеу жұмыстарын биыл іске асыру жоспарланған. Жоба құны – 1,95 млрд теңге. Қазір мердігерді анықтау бойынша рәсімдер жүргізілуде, – деп атап өтті басқарма басшысы Бауыржан Айтмағамбетов.

Бұдан бөлек, облыстық маңызы бар жолдарды жөндеуге бюджеттен 19,9 млрд теңге көлемінде қаражат бөлінген. Бұл қаржыға облыстық маңызы бар 91 шақырым жол жөнделеді деп күтіліп отыр.

Батыс Қазақстан облысы



тасында қазақ тілінің жанашыры атанған полиглот мұғалім түрлі әдеби және мәдени шараларға белсене қатысады.

«Әзербайжан Республикасында дүниеге келдім. Әкем де, анам да – әзербайжан. Туыстарымның ішінде қазақтар жоқ. Бірақ балалық шағымнан әсем қала Көкшетауда өскендіктен, өзімді нағыз қазақ қызы деп сезінемін. Қазақтың тілі, мәдениеті маған жат емес. Керісінше, мұның бәрі бойыма туа біткендей сіңіп қалған. Әзербайжан ұлты болғанымна қарамастан, менің жаным да, жүрегім де – қазақ. Қазақ тілін үйренуді бастауыш сыныпты оқып жүрген кезде бастадым. Жоғары сынып оқушысы болған кезде қазақ тілі пәнінен түрлі олимпиадаларға қатысып, жүлделі орындарға ие болдым. Қазір орыс сыныптарына қазақ тілін үйретіп жүрмін. Сонымен қатар қазақ тіліне ынтасы тасып тұрған басқа да ұлт өкілдері бар. Олардың қызығушылығын



«ШЕКПЕН»: РУХЫҢ СЫНБАСЫН...

Таяуда Алматы Мемлекеттік қуыршақ театрында «Шекпен» атты су жаңа қойылым көрермен назарына жол тартты. Бір қызығы, аталған қойылымды қуыршақ театрында сахналау үшін Грузияның астанасы Тбилиси қаласынан режиссер Николоз Сабашвили арнайы шақырылған. Ол әйгілі классик жазушы Николай Гогольдің «Шинель» повесін театр тәрізінде жаңаша форматта көпшілік қауымға ұсынды.

Өзгеше режиссерлік шешімімен, терең философиялық астарымен, көрерменге айрықша әсер сыйлайтын қуыршақ образымен ерекшеленетін қойылымның режиссері әрі суретшісі – Николоз Сабашвили, ал балетмейстері – Ринат Библибаев. Шығарманың басты кейіпкері Акакий Башмакиннің ролін театрдың талантты артисі Шохан Құлназаров сомдады. Бұл режиссер, актер, педагог, Грузия қуыршақ театрлар бірлестігінің басшысы Николоз Сабашвилидің Қазақстандағы алғашқы сапары емес. Тәжірибелі режиссер осы жолы елімізге келудегі басты міндеті шығармашылық пікірлер мен жана идеяларға қызығушылық нәтижесінде туған достықтан бастау алғанын айтады.

– Бұл менің Қазақстандағы кезекті үшінші сапарым. 2023 жылы «Ортеке» қуыршақ театрлар фестивалінде Алматы Мемлекеттік қуыршақ театрының директорымен танысып есімде. Сол кездері бірлескен жоба дайындау турасында біршама пікірлер ортаға салынып, нәтижесінде Грузия қуыршақ театрлар бірлестігі мен Алматы Мемлекеттік қуыршақ театры арасында ынтымақтастық меморандумына қол қойылды. Міне, енді араға бір жыл салып, әсем қала Алматыға қайта жолым түсті. Қонақжай әрідархан пейілді қуыршақ театрының ұжымы мені өте жылы қабылдады. Өзінді еркін әрі жайлы сезінген ортада шығармашылық байланыс оңай әрі қызықты өрбиді деп есептеймін, – дейді ол.

Койылым режиссері сахналған қойылымның идеясы қазіргі қоғамдағы ахуалмен астасып жатқанын негізге алды. Шығармадағы кейіпкерлердің өмірі, бір-бірімен қарым-қатынасы шынайы өмірдегі көріністерге ұқсас келеді. Қойылым сонымен көптің көкейіне ой салып, адами құндылықтар мәселесін көтереді.



– Бұл шығарма қазіргі уақыттағы жалғыздық тақырыбын жеткізуді көздейді. Мұндай адамдарды шынайы өмірде жиі кездестіруге болады. Олар алдынан шыққан кедергілерге қарамастан қоғамда өз орнын табуға тырысады. Николай Гоголь өз шығармасында адам бойындағы комплекстерді және олардың себептерін қозғайды, сондай-ақ ішкі сезімдермен мотивтерге баса назар аударады. Қойылым әртүрлі жастағы көрерменді қызықтыра алады. Өкінішке қарай, XXI ғасырда қарым-қатынас тапшылығы секілді құбылыс байқалады, сондықтан «Шекпен» шығармасы қоғам үшін өзекті. Осы тұста қуыршақ театрында тамаша әртістер жұмыс істейтін атап өткім келеді. Мен оларға жана театр тәжірибесі мен театр эстетикасын ұсындым. Менталитетіміздің, темпераментіміздің және кейіпкерлеріміздің әртүрлілігі көрермен қызығушылығын тудыратын ерекше қойылымның шығуына әсер ететініне сенімдімін, – дейді қойылым режиссері Н.Сабашвили.

Басты кейіпкердің ролін сомдаушы актер Шохан Құлназаров терең мазмұнды камтитын тың туындының көрерменді берілмеуге шақырып, жақсылыққа жетелейтін тұстарының барын атап

геріс қойылым режиссерінің шешімі нәтижесінде бекітілген.

– Иә, бізге алғашқыда қойылым орыс тілінде сахналаныпты айтты. Бірақ режиссеріміз «шығарманың өз тілдерінде ұсынылғаны мен үшін де қуанышты болар еді» деген ниетін білдірді. Сол себепті қойылым қазақ тіліне ауыстырылды. Адамдықтың ең биік тұғыры – қай кезде болмасын адам болып қалуы. Бүгінде әлем елдері болмашы себептермен бір-біріне соғыс ашып отырғанын көріп отырмыз. Ал бұл қойылымда болмашы дүниеге өкпелемейтін, «ашуы – шай орман кепкенше» адамның көп қиындыққа төтеп беріп көрсетеміз. Басты кейіпкер айнала ішкі агрессиясын көрсетіп, оларға қарсы әрекет жасамай-ақ өз дегеніне жеткісі келді. Қаншама қиындыққа қарамастан, бас кейіпкердің алға қойған мақсатына ұмтылысын қоғамдағы азаматтар үйренсе екен деймін. Рухың сыну бір бөлек, физикалық тұрғыда сыну тіптен бөлек. Егер физикалық тұрғыда сынса, сені айнала орнынан тұрғызып алады. Ал рухың сынса, сені таптап өтіп кетеді. Сондықтан біз рухты сындырмаудың амалын ойласақ екен, – дейді театр артисі.

Алтын БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

Тіліңе құрмет – ЕЛГЕ ҚҰРМЕТ

Әлеуметтік желіде қазақ тілінің насихатын жүргізіп жатқан блогерлердің қарасы қалың. Оның ішінде ана тілімізді меңгеріп, одан қалса басқаларға үйретіп жүрген өзге ұлт өкілдерін ерекше атап өту керек. Instagram, TikTok желілері арқылы өзінің пайдалы парақшаларын жүргізіп, көпшіліктің қазақ тілін үйренуіне қол ұшын созып жүргендер жетерлік. 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні қарсаңында біз осындай жандарды оқырманға таныстыруды жөн көрдік.

Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

Қазір әлеуметтік желі өзіңіз қалаған дүниенің оңай табуға мүмкіндік беретін алаңға айналған. Осы алаңда ана тілімізді құрметтеп, қолданыс ауқымын кеңейту үшін белсенділік танытып жүргендердің бірі – Анастасия Ульяновко. Әлеуметтік парақшасында 40 мыңнан аса қазақ тілін үйренуге құмар қауым бар. Украин қызы қазақ тіліне ерекше құрметпен қарайтынын айтады. «Қазақстанда тұрғандықтан, қазақ тілін білуге міндеттіміз», – дейді ол. Қазір Анастасия «Сөйле» тілдесу клубының мүшесі. Айтуынша, бұл клубтың басты мақсаты – қазақ тілін үйренемін деушілерге бағыт-бағдар беріп, тілді жетік меңгеруге көмектесу.

«Қазір қазақ тілін жетік меңгердім деп айта аламын. Өйткені ұлтым қазақ болмаса да отбасымызда тек қазақ тілінде сөйлейміз. Қазақ тілін, әдебиетін тереңдетіп оқи бастауыма әке-шешемнің ықпалы зор болды. Кішкентай күнімізден бастап күнделікті қолданыстағы қарапайым сөздерді жаттай бастадық. Қазақ ертегілерінің жинағын алып берді, оны бауырларымызбен отырып алып талқылайтынбыз», – дейді ол. Сонымен қатар Анастасия қазір балаларға қазақ тілін үйретуден дәріс береді, бұл ісі үшін ләззат алатынын да тілге тиек етті. Қазақ отбасына келін болудың өзі қазақ тілінің жетік меңгеруіне түрткі болыпты.

– Жакында «AMANAT» партиясы жанындағы «Жастар Рухы» жастар қанаты ұйытқы болған «Менің елім – менің тілім» жобасы аясында «Сөйле» клубы ашылды. Қазір сол клубтың Алматы қаласындағы оқытушы-тренер қызметінде жүрмін. Бұл клуб Қазақстанның ІІ қаласында жұмысын сәтті жүргізіп тұр, – дейді украин қызы Анастасия.

Ол ана тілімізге қызығушылық білдіріп жүрген жандарды әдеттегі қалыптасқан ережемен емес, жанаша әдістерді қолдану арқылы тіл үйренуге бейімдейді екен. Есту арқылы ақпаратты оңай қабылдауға болатынын айтып, шәкірттерін алдымен психологиялық дайындаудың өткізетінін жеткізді. Игі бастамаларын өзінің әлеуметтік желідегі парақшасында да жалғастырып, алыс-жақын жүрген қазақ тілін меңгеруге ынтасы бар азаматтармен бөлісуді жөн тапқан.

Ал Көкшетау қаласындағы №1 мектеп-гимназияның неміс-ағылшын тілі пәнідерінің оқытушысы Нилуфар Амрасланова – әзербайжан қызы, Мемлекеттік тілді насихаттау және дамыту орталығының, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі. Қазір докторантурада оқып жүр. Ор-



одан ары арттыруға тырысамын. Қазақ мектебіне барып, қазақтың балаларымен ойнап, қазақ жерінің шаңында жүріп, топырағына ауағаннан кейін қалайша қазақша сөйлемейін», – дейді Нилуфар.

Қазір қазақ тілін насихаттап жүрген әзербайжан қызы балалардың тілді оңай меңгеруі үшін қазақ тілді контенттер, қызықты видеолар дайындаумен де шұғылданып айналып кеткен жөн. Алты тілді еркін меңгерген полиглот мұғалім үнемі қоғамдық жұмыстардың басы-қасында жүріп, мемлекеттік тілді насихаттайтын байқаулардан бой көрсетіп жүр.



«Белгілі бір тілде сөйлеу үшін, алдымен сол тілде ойлана білу керек. Мәселен, ағылшын тілінде сөйлеген келеді ме, ендеше сол тілде ойлануды баста. Әрине, басында қиын болады. Бірақ бұл өз уақытымен келетін нәрсе. Осы тілдерде жақсы сөйлеу мақсатында мектептегі оқушыларыммен бірге әртүрлі тілдерде сөйлесуге тырысамын, бұл маған тілдер арасындағы байланысты жоғалтпауға және оқушыларымның сөйлеу дағдыларын дамытуға көмектеседі», – деді Н.Амрасланова.

Парақшасында 250 мыңға жуық оқырманы бар қазақ тілінде сөйлейтін белгілі блогер, орыс жігіті Алексей Лодочниковтың қазақшасы кейбір қазақтарды да шан

қаптырады. Ол әлеуметтік желі арқылы Қазақстанда өмір сүріп жатқан бірқатар өзге ұлттың өкілдерін қазақ тілін үйренуге шақырған. Оқырманының көңілін көтеретін қысқа видеолары да қазақ тілінде жарияланады.

«Достар, қазақ тілін үйреніңіз, бұл сіз үшін пайдалы болмақ. Сіз Қазақстанда тұрасыз ба, демек әр адам өзі тұратын елдің тілін үйренуге міндетті. Еліміздің орыс тілді азаматтарына менің айтқаным – қазақ тілін үйреніңіз» деп видео жүктеген болатын. Бұдан ана тілімізге деген құрмет тек қазақтардың ғана емес, өзге ұлттардың да бойынан көрініп жатқаны байқалады. Бұл қазақ тілінің қолданылу аясы мен насихатталуын шарықтау деңгейіне жеткізетіні сөзсіз.

Ресейде туып, қазақ даласында өскен Ольга Сагиндикова ұлттық аспапта еркін ойнайды. Татар, орыс, тағы бірқатар ұлттың балаларына бойындағы өнерімен бөлісіп, тәлім көрсетіп жүр. Тамырында қазақ қаны ағып жатқандай сезінетін ол «Әу демеітін қазақ жоқ» дегендей, күйшілік өнермен қатар әншілікті де қатар алып жүр.

«Он жасында Қазақстанның ауылды жеріне қоныс аудардық. Сыныптастарым, достарым қазақ тілінде еркін сөйлейтін. Олармен бірге жүріп мен де қазақ тілін жетік меңгердім. Енді бар білгенімді неге балаларға үйретпеске? Домбыра – халықтың жаны. Сондықтан даламызда қазақ топырағын басып жүрген әр азаматтың жаны бір болуы керек деп ойлаймын. Қазір қазақ тілін меңгеремін деп келетін немесе домбыраны үйренуге жаны құштар оқушы көп. Біз біліп тұрсақ, олардың бетінен қақпай, белін буайық деп айтар едім», – деп ізгі ниетін білдірді О.Сагиндикова.

Өзге тілді өз ана тіліндей жетік меңгеру өркімнің қолынан келмейді. Ал оны басқаларға үйрету – қиынның қиыны. Әлеуметтік желі арқылы қазақ тілінің насихатын жүргізіп жүргендерді санай берсек санына жетпейміз. Не дегенмен ана тіліміздің дамуына шама-шарқы жеткенше ат салысып жүрген өзге ұлттың өкілдерінің мұндай бастамалары көп ұлттың бір шаңырақ астында айрандай ұйып отыруына көп болуы түсетіні анық.

NUR MEDIA
МЕДИЯКОМПАНИИ

AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНУЛЫ

Бас редактор –
Амангәді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ПАШАЕР:
Абдула АЛЫПБАЙУЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятжан САТЫБАҒАН –
Жамбыл облысы
Әбдігәлі БЕЛГІБАЙУЛЫ –
Қарағанды облысы
Назғұл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербайғұл ЖАҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Баиян ЖАНУЗАҚ –
Атырау облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БОЛМІ:
87011 675-42-14, 87172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БОЛМІ:
87171 804-61-32
podpiska.ai@gmail.com

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4441
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сметі көшесі 30
Тел: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Аматты-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7272) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрінің Ақпарат комитетінде тіркелген алып, мерзімі басқосу басқармасы қайта есепке қою туралы №17416-Г құрамы 25.12.2018 жылғы берілді

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:
010000. Астана қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Астана қ. (7172) 72-95-46
e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап береді.
• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.
• Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданды.
• «Айқын» жарияланған материалдарды қоспай немесе өңдеу үшін редакцияны жазбаша рұқсаты алып, телекей сілтеме жасау міндетті.

Кезекші редактор –
Айхан ШӘРІП